

Мирас АСАН

**СҮЙЕСІН, ЖҮРЕК, СҮЙЕСІН,**

Жыр кітабы

Астана – 2018

ӘОЖ 821. 512. 122-1

КБЖ 84 (5 Қаз)-5

А 87

АСАН М.

Сүйесің, жүрек, сүйесің – Жыр кітабы / М.Асан. –  
Астана: «Миқаба», 2018 ж – 208 б.

ISBN 978-601-80761-0-7

Ақынның жана жыр жинағына кейінгі жылдары жазылған, бұрынғы кітаптарына кірмеген өлеңдері, аудармалары, «Домбыра» атты поэма-панорамасы еніп отыр. «Анна әуендері», «Вознесенский әуендері» деп аталатын өлеңдер – Анна Ахматова мен Андрей Вознесенский өлеңдерінен жасалған еркін аудармалар.

Кітаптың өне бойынан автордың нәзік сезімдері мен ішкі бұлқынныстары, кей жағдайда қоғамға деген көзқарастары да байқалып отырады. Батыл ізденістері, өлеңге деген жауапкершілігі және қазақтың қара сезіне деген ұқыптылығы, құрметі әр жолынан көрініп тұрады.

Кітап өлең сүйер оқырманға арналған.

ӘОЖ 821. 512. 122-1

\*

КБЖ 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-80761-0-7

© Асан М., 2018

© Миқаба, 2018

\*\*\*

Караша, мен кеп түрмүн сізге бүгін,  
Жапырак – соңғы үмітім, сыз көнілім.  
Табылmas шақтарды іздең ес ішінен,  
Қарындаш – мен бояймын күз қоңырын...

Бесінші мұхит кешсе жан-құдірет,  
Калады шөлде жалғыз тағдыр үлек...  
Кенезе – мен кебемін содан кейін,  
Терезе – сіз жылайсыз жаңбыр үдең...

Біздей жат жоқ жалғанда, біздей таныс,  
Араны тек естелік үзбейді алыс:  
Көйлекте сіз тұрасыз – қыз беймәлім,  
Әйнекте мен тұрамын – күз бейтаныс.

Тордағы бұлбұл сынды алтын өрнек,  
Жасырын кешкен сезім – жалпыға ертек...  
Мен сізге жете алмасын бұл ғұмырда,  
Сүмбіле тағдырымның салқыны өртеп...

Махаббат – есіне алу өткенді еппен,  
Жалғыздық – сындар акқу кеткен көппен...  
Сүмбіле – мен суймын күздің өзі,  
Сұнгіде сіз жылайсыз – көктем, көктем...

Қараганды, 2017

\*\*\*

Екі тұрлі тап.

Біртүрлі қоғам.

Кем – есім...

Отшашу ұшты аспанның жарып көбесін!..

«Отшашу емес, ақша шашу ғой», – деді Өмен,

Теледидардың тәмпештеп тұрып төбесін...

Керемет мейрам.

Ескіні қойған тыстаташып,

Біздің қоғамда күн, тұн және елес – үш уақыт!..

Жезөкшелерді тазалап бұрыш-бұрыштан,

Бозөкпелерді шығарды жалау ұстаташып!

Біп-бірдей жейде,

Біп-бірдей қалпак,

Бірдей кеп,

Ағытылды алғыс, ән қырдан асты, жыр гәйлеп...

Сөз алды әкім: «Роботтануымыз керекпіз,

Өмендікі не, Өмендікі – бос құр бейнет!»

Көсемнің сөзін келтірді мысал бірнеше,

«Айтқаны дұрыс,

Айтпайды патша білмесе!..»

Қырсық мінезді Өменге ғана жақпады ол,

Кет десе келіп, отырды сабаз тұр десе!

Ақылды қала,

Ақылды аула,

О, ғажап!

Шам жанады екен шошайтсаң қолды соза қап!  
Нан піседі екен, ұн-ұн боп қамыр баспай-ак,  
Өмір – қалада,  
Өмен ғой қора тазалап!

Митинг соны әдеті бітер мықты әнмен,  
Босады шарлар босқа өлген сөздей – шыққан дем.  
Әнмендеп келіп құшақтады әкім Өменді,  
Себебі, сөзін Өмендей тыңдалап, үққан кем...

Қаланың туған күні өтті солай ауылда,  
Жиналыс соны ұласты дүлей дауылға!..  
Үш күн демалыс беріпті...  
Тым көп емес пе  
Жұмыссыз,  
жым-жырт,  
жұпныны мына қауымға?

2018, шілде

\*\*\*

Бұғін бәрі керемет, тұрған көшем,  
Тан.

Су.

Ая.

Жайқалған гүлдер де әсем!

Шарап болып құйылды шай кешегі,  
Шаттық болып жыымиды сынған кесем.

Бәрі әдемі,

Шам.

Үстел.

Айна.

Орындық.

Бәрі сен боп барады ой көрімдік!

Қандай ғажап, сен жайлыш мұн да – мәңгі,  
Қандай ғажап, сен жайлыш қайғы – өмірлік!

Естеліктер ғажайып қоршап алды,  
Сезіп тұрмын әр жұпар, әр самалды.  
Бұрынғыдай бақытты екенмін ғой,  
Бұгінгідей барлығы болса мәңгі!

Ғажап екен дейтіндей құрдас та кеп,  
Бәрі неге барады тым басқа боп?  
Телефонға қараймын бұл сен бе деп,  
Тerezеге қараймын бұл рас па деп?

Астана, 2018

\*\*\*

Мен неге ұлы мейірімді сағынам?  
Бар ма ол, болса,  
неге жендет қолы қан?  
Бассыз тәнгे неге дәке таңамын,  
Тәнсіз басқа неге сосын шалынам?

Ішімдегі мейірімсіз сүйкімдім,  
Күзгі бақта бассыз дене жиі тұрдым...  
Топ көгершін іздең жатқан мейірім  
Арасынан қиқымның...

Табылмайды,  
Танған дәке бекерлеу,  
Отқа кую – мейірімге жетем деу...  
Қастандыққа жараса ма өлтірмеу,  
Жақсылыққа жараса ма өтелмеу?

Пейіл құштай, пенде құшсан – бос ілім,  
Бір құшактап мына басты кес, ұлым...  
Әгей шеше шаштай қойған мейірім,  
Қайыршыға аштай қойған есігім...

Қақса арқадан арманым не қас құзда,  
Құлқі қарыз – қантқа, қарыз жас – тұзға...  
Бір мейірім керек сіздей жүрекке,  
Бір мейірім керек мендей бассызға...

Шүберекке зәру еді сынық тал,  
Мүгедекке зәру еді ұлық хал.  
Ақша да ұры қалталарға қарыздар,  
Патша да ұлы мейірімге кіріптар.



\*\*\*

Қазір күйім біркелкі,  
Қазір мінез біртога...  
Кейде құштар жырға еркім,  
Кейде жауым – жыр, тоба!..

Өз миым – көл, малтыңым,  
Өз жүрегім – жар жұмыр.  
Ас қорыту – жарты күн,  
Ой қорыту – бар ғұмыр...

Бұгінгідей – кешегі,  
Көзімді ашып-жұмамын...  
Ақша бұлғтар көшеді,  
Ақшам ұзак тұрады...

Жүрек неге тулайды,  
Мүмкін, мені сынаңды?  
Өлең күнде тумайды,  
Газет күнде шығады...

Кейде жалын от дұрыс,  
Кейде жанға обал-ақ!  
Қазір көзім тәртбұрыш,  
Қазір сөзім домалақ...

Кейде өзіме кектенем,  
Кейде өзіме қамығам...  
Тұған күнді жек көрем,  
Тұған жерді сағынам!

Осы күні ой қайғы,  
Тіпті, жауым сыңайлы:  
Шэйнек соған қайнайды,  
Эйнек содан жылайды...

...

## **КЕРЕГАР**

Занғар бар биқтен қорқатын,  
Мұхит бар тамшыдан орта тым.  
Кезең бар қызғалдақ баспайтын,  
Өзен бар шөлдерге бастайтын...

<sup>2</sup> Ешкім кеп қақпайтын қақпа бар,  
Ешкім бор жақпайтын тақта бар.  
Арамдық ақтайтын шындық бар,  
Адалдық таптайтын мақта бар.

Сұлуды көрмейтін көздер бар,  
Сұлуды тергейтін сөздер бар.  
Жақынды жек көріп өлердей,  
Бөтенге «кел» дейтін кездер бар.

Сезімге сенбейтін кездер бар,  
Сезімге «сен» дейтін кездер бар.  
Қайтармай қалатын жауап бар,  
Қайта алмай қалатын кездер – бал.

Үнсіздік шулайтын заман бар,  
Бал-шырын – улайтын тағам бар.  
Темірді иетін гүлдер бар,  
Шөгірді сүйетін табан бар.

Өзендер шөлдейді қаталап,  
Жанаарлар күледі боталап...  
Ішіме сыймайды сонда өлең,  
Мандайға сыймайды махабbat!

\*\*\*

Махаббат – өзің ғана білер шындық,  
Шыңырау жүрек зындан – жіберсе үңгіп...  
Тағдырым көzsіз жылап, сөzsіз сүйген,  
Әйтпесе мен тұтқында жігер сұмдық.

Айтылmas сезімдердің зынданы – мен,  
Ондағы тұтқын да өзім мұнға кілең!..  
Ойлаппын бұл дүниеде жоқ деп сені,  
Күллі әлем өзің болып тұрғанымен...

Анық даңқ мұнараның тұғырында,  
Көп жүрттың күмбезді атақ ұғымында...  
Шын сезім жүректердің түкпірінде,  
Айтылмай кету керек ғұмырында...

Махаббат тек қиялда сүреді өмір,  
Қалады бірте-бірте біле көңіл...  
Шашқандай қыз бақбақты бақыт санап,  
Басқандай күз қыратты сіре қоңыр...

Махаббат бүтінде емес, сірә, кемде,  
Төзімнің ең қыны мына менде:  
Алапат бір әлемді ішімдегі  
Айта алмай өтіп барам бір әлемге...

*Астана, 2018*

## **ӘЛИХАН**

Әз Жәнібектен – Әлихан,  
Ат үстінде тұн қатқан!  
Арғы тегі – Дештіде қалған Жошы-ды,  
Толарсағына тоң қатқан,  
Қорамсағына қан қатқан!  
Қызыл ту көтерсе Қарақорым қосыны,  
Жебесі сегіз қабат сауытты сөгетін,  
Енесі егіз ұлға толғатқан!  
Хан баласы – осы-ды!  
Тұраннан түрегеліп ең – дүшпаның шошыды!  
Ұзын оқты Ондан сұлтанға ерсе – Әлихан,  
Хан баласының қазакта өтеп хақысын,  
Қасымның қасқа жолымен,  
Есімнің ескі жолымен,  
Хақназардан қалған қайрап сапысын,  
Шыңжаңнан торып Шығысын,  
Мәскеуден қорып Батысын,  
Жағасы жау қолында жыртылып  
Жат жүртта қара жатысын!..  
Кекжал Барактан көбелей жетсе – Әлихан,  
Бабаң Барак – жауына қырық сан еді,  
Шыңжыр балак, шүбар төс,  
Жеті атасынан жілік майы үзілмеген хан еді.  
Бекей бабанды ақ киізге көтерсе,  
Көтерген Туың ақ еді...  
Тегің осал болсын ба,  
Кегің осал болсын ба,  
Жүрісің содан паң еді!  
Хан Кененің сонынан ерсе – Сұлтан ием,  
Онымнан туған Айым ең,

Солымнан туған Шолпан ең!  
Алашорда ұлт сайласа көсемін,  
Шенділер ыққан шешенім,  
Сәбидің өкшесі қазған бүрқақ ең!  
Есілде қалған елінді,  
Жайықта қалған жұртынды  
Сауытынмен сақтап ең,  
Мауытынмен қымтап ең!  
Узына жарыған,  
Ат үстінде арыған,  
Көбесі омыраулы,  
Найзасы қоңыраулы,  
Нұрдан туған ұрпақ ең!  
Текті шонжар, атаулы хан нәсілім,  
Салтына тартқан асылым!  
Сүлден ыптырған бұлт әлі  
Тұсірер Жерге жасылын!  
Арланға апан жүрегің,  
Атанға жілік білегің,  
Кез маялы келеден  
Арқада Сораң үлегім!  
Лайланып ақсаң Қаратал,  
Күркіретіп қанын күренің,  
Казаққа қызмет қылмай қойдың ба?  
Мандайынды оққа тіредің...  
Бақұл да бақұл, бақұл бол!  
Содан да болар,  
Үзенгі бауым сегіз қабат, ат үстінде шіреніп,  
Үысыма қан жұмып,  
Ұлысыма хан қылып,  
Тәнірі төбесіне тұтқан  
Ер Шыңғыстың аруағын арқалап,  
Әлі қан менің, әлі хан менің – Жүрегім!

Белгілеп сіз тұратын көшені күз,  
Кездесті біздің киім-кешегіміз...  
Айта алмас менің себеп – мұқістігім,  
Естімес сіздің себеп – кеселінің...

Шалбардың қыры сынып сәкі алдында,  
Сөмкеңіз иықтағы батар мұнға...  
Қолғаптар бірін-бірі қатты қысып,  
Қыдырарап қолшатырлар қатар қырда...

Батырған сол орамал бізді арманға,  
Біз сонда неге адастық – жүз барғанға?  
Түймелер ағытылды, ыстықтан ба?  
Жағалар көтерілді, ызғардан ба?

Жылаған шолпы ма екен, сырға ма екен?  
Сағатым оны неге тыңдады екен?  
Күртешем неге үйге кештеу келді?  
Пальтоңыз неге женін бұлғады екен?

Шляпам неге тағы баққа ап келді?  
Етігім неге өз ізін таптап, көмді?  
Бекебай ол әтірді неге ұмытты?  
Ол хатты қалта неге сақтап келді?

27.12.2016

\*\*\*

Көрмей сүю – шын ғашықтық, шын азап,  
Махаббатта құдайлық бар мінәжат!  
Махаббатта жалғыздық бар тұтқындық,  
Мен тұтқынмын,  
Сіз тұтқынсыз,  
Кім азат?!

О, сұлулық!  
Шашқан арай шұғылам,  
Сіз бар жердің бәрі құтпа, құбылам.  
Төбем құсқа ұя болып сүйемін,  
Шарап толы менің аңыз құмырам.

Сізді айтпасам қалтырайды тән мұздық,  
Сізді айыптасам жарты қайғы жан күздік.  
Маңайыма үйіріледі күпірлік,  
Мандайыма үңіледі жалғыздық!

Бара-бара сізге апарар жол тозып,  
Өтем үнсіз болмысынан сонша озып!  
Өз ішімде жасап алған бейнеге  
Өзім ғана өмір бойы қол созып!..

*Астана, 2018*

## **АЛАҢ ДА АЛАҢ, АЛАҢ ЖҰРТ**

Катыны найзаға сүйеніп толғатқан,  
Батыры найзаға сүйеніп тұн қатқан,  
Ақыны найзағай жырымен үн қатқан,  
Сайран да менің Сарыарқам!

Қыздары қылыш әперіп алдыңдан шығатын,  
Ұлдары дұспанға қасқайып тұратын,  
Ақыны ер-шолпан – таң алды туатын,  
Кайран да неткен Атырау!

Келіні қазан көтерген қадақ асынан,  
Ер ұлы жауын сұнгіге қадап асырған,  
Ақыны мадақ емес, садақ асынған,  
Кайран да қарт тау – Алатау!

Жатыры ұлдарын арыс қып туатын,  
Батыры ақырып белдігін буатын,  
Ақыны елдігін еніреп қуатын,  
Кайран да неткен өр Алтай!

Аруы аузыңа зэмзэмін тамызған,  
Қаруы рух артып Қашаған, Оғыздан,  
Бақсысы Сырдың суын теріс ағызған,  
Кайран да қайран Ақмешіт!

Шешесі ұлдарын майданға баптаған,  
Кенжесі жебесін қаңғыртып атпаған,  
Хандары халқының бетінен қақпаған,  
Кайран да қайран Ұлытау!

Алаң да алан, алаң жұрт!  
Таусылды тозып таған, жұрт!  
Үйір-ақ сор мен саған бұлт!  
Қиын-ақ күнің, сол үшін,  
Ақбас тау, көбік көл үшін,  
Жазира, құмдақ, шөл үшін,  
Шоқы, үстірт, ойпат, бел үшін  
Сұрайды сауға аланда ұлт!  
Сұрайды сауға аланда ұлт!  
Сұрайды сауға аланда ұлт!

\*\*\*

Біз мұлде кездеспейміз, далбаса үміт,  
Кездесу болған емес, болмас, ұмыт...  
Сызықты мандайдағы мен байқатпай,  
Жүзікті саусактағы сен жасырып...

Біз мұлде кездеспейміз бұл ғұмырда,  
Жазбаған жолығуды мұлде ұғымға...  
Мені бар демесең жай бұл шаһарда,  
Сені бар демесем жай шындығында...

Біз мұлде отырмаймыз қарсы қарап,  
О, қалай мұнша мұнға хал шыдамақ?!  
Сен менің бокалыма шарап құйып,  
Мен сенің жанарыңа тамшы қамап...

Біз мұлде кездеспейміз, сүреміз сәт,  
Тым бөлек мұнаймыз, құлеміз шат...  
Екеуміз кездесуге кәне тыйым,  
Екеуміз қоштасуға, міне, рұқсат!

Тағдырдың айтқаны – осы тосын әзіл,  
Білмейміз, болу керек несіне әзір?  
Барымның өзі бақыт бір білерің,  
Жоғыңың өзі өлең осы қазір!

Санамда саған жақын, маған жырақ,  
Өтемін шексіздікten адам құрап...  
Шамымның жарығына пәруана өліп,  
Жанымның жалынына ғалам құлап...

2018

# **ВОЗНЕСЕНСКИЙ ӘУЕНДЕРІ**

\*\*\*

Мен – Қайықпын, сынған желкен, ескегім,  
Сен – Дауылсың, соқтың, қалдым жырақта...  
Бүйтетіндей Саған, Алла, не істедім?  
Саған, Алла, не іstemедім бірақ та...

\*\*\*

Әйкелденген уақыт – құдық, шөл – мола,  
Бұл сөзімді түсінбейді көл, қоға...  
Әбіш – Еңсеп, құдық қазып өлген жок,  
Өзін-өзі қазып жүріп өлді аға!..

\*\*\*

Бір жығылған тұра ма құлаған нар?  
Айтсандаршы шындықты, тірі адамдар!..  
Алатаудай ерлерді қамап, елді  
Ала тайдай бұлдірген «бір адам» бар!

## **Қасиет пен Қасірет**

Тұлкі мен Қасқырдың күшігін  
Айыра алмапты аңшы да!  
Құдайдың, қарашы, ісінің  
Тұбінде мән бар ма,  
Ал сұра:

Тұлкі мен Қасқырдың күшігі  
Айнымай туады!  
Біреуі – аярлық пішіні,  
Біреуі – Қыпшақтың ұраны!

Ез де, ер де аспаннан тұспейді,  
Айнымай туады!  
Біреуі – күнәні істейді,  
Біреуі – жуады...

\*\*\*

Неге өзіне айналдырды мені күз,  
Неге ол жан көктем сынды ізгі, ардақ?..  
Сіз үздіге берменізші деді қыз,  
Сіз үзіле көрменізші, қызғалдақ.

Қасыңызда не кету жоқ, не қалу,  
Кездесулер, қоштасулар ретімен.  
Тойыма өртең келіңізші деді ару,  
Мойыл, ерте акпаңызы, өтінем.

О, қалайша оятпайды мені ой ол?  
Неге суып кетті лезде күрт олар?  
Үйге ерте қайтыңызы деді әйел,  
Аспан жайлы айтыңызы, ұлпа қар.

Аңғармады нені қайғы, нені мұң,  
Соқыр сезім үлгермеді бақылап...  
Тағдырыма қол сұқпаңыз деді кім,  
Жан мұңыма қол соқпаңыз, жапырақ.

# **СУЫН**

*Ұрғашы құлын есейген соң  
түсінде сұынды көріп, гашық болады.*

*Суын – теңіз жылқысы.*

**Әпсана**

Тау толқынмен суын келген,  
Шайнай бергем уымды ермен...  
Шелектей қос танауынан  
Бұрқыраған буын көргем!

Сауырынан су сиғектеп,  
Қанаттарын қуша иректеп,  
Дәу толқынмен суын келген,  
Келгеніне қу ши көктеп!

Жап-жарық қып сайқал тұнді,  
Жағада көк байтал тұрды!  
Су ішінен суын шыққан,  
(Толқын құмға қайта артылды...)

Сүттей аппақ теңіз тұні,  
Тамыры бір, егіз түбі.  
Су ұсынды еріне әйел,  
Суын келді – Оғыз пірі!

Әлі тайған тірсегінен,  
Қан ұйыған құрсағынан,  
Көк байталдың бүйірін түртіп,  
Тұрса суын –  
Тұрса құнан...

Толқын жатты төңкеріліп,  
Жер танабын өрте, күлік!  
Суынкөктің сауырынан  
Ақсын көк тер –  
Ертегі үміт!

Құлаған Нұқ кемесінен –  
Осы құнан – дәл осы рең!  
...Байтал суға ағып өлді,  
Еріп аңсар елесімен!

## **ГАМЗАТОВ ӘУЕНІМЕҢ**

Белгісіз бекет.

Ой алаң...

Вагоннан түскем жаңбырмен.

Бір қысқа аялдамадан

Өзінді көріп қалдым мен!

Белгісіз алыс бір елде,

Белгісіз айлақ.

Таң болдым:

Ешкім жоқ тұғын,

Бұл өң бе,

Өзіңе ұқсас жан көрдім!..

\*\*\*

Каралай бермеші қарадай жиі ақты,  
Қашығым – жұп-жұық.  
Біз неге жүреміз балмұздақ сияқты,  
Тәп-тәтті,  
Сұп-сұық?

Күн жайлы ұмытып, айтамыз шықса Айды,  
Шешенді мүкіс қып.  
Біздің күй не үшін кофеге ұқсайды,  
Ап-аңы,  
Үіп-ыстық?

Мен жауап бермесем сен қойған талапқа,  
Кінәмді тізімде.  
Біз неге ұқсаймыз мен ішкен шарапқа,  
Сен жеген жүзімге?

14.12.2016

## **ХАН КЕНЕ**

Саусағым – шенгел,  
Кан уыстадым,  
Тәніріден келген белгі – Бұл!  
Алтын сап қан-қан қару ұстадым,  
Жүректің басы – шерлі жыр!

Көк бақсы шошып оянды бүгін,  
Боз айғыр бейуақ кісінеп!  
– Түсімде жағын таянды ұлың,  
Ордаңның тұтін іші көк... –

Көк езу бақсы сұқсырдай катып,  
Сұрланып алған, көгеріп.  
Түс көрді жауды тықсырмай жатып,  
Сан-Таштың үсті көп өлік...

Хан Кене түсін жаман жорыды,  
Ешкімге тісін жармады!..  
Осымен оның тәмам жорығы,  
Тоғыз ұлға обал, сол жағы...

Кинайды ханды, қасық қанына  
Айырбастаған жері – Бұл!  
Асылдарыңа, ақықтарыңа  
Айырбастамас елі – Бұл!

Жаманат сезді Кене жүрегі...  
Медет бер,  
Тәнір, ісіне!

Отыз жеті сұлтан неге кіреді  
Бопай ханымның түсіне?..

Жеті қара тас жерден көтеріп,  
Тоғым хан кірді түсіне.  
Қырғыз бен Қазақ келген көтеріп  
Тоғыз хан кірді түсіне...

Іріген – іші,  
Корғаны – Берен.  
Кене ішкен уды кім ішті?  
Түсімде Алтын Орданы көрем,  
Өңімде алтын-күмісті...

Қолына қалам алды тағдыр-ұлық,  
Көрмеген бұғауламақ жанды құрық.  
Тосады бір жазуды содан асай,  
Қашады бір шимайдан мәңгі күлік...

· Өткенін өшіре алмай өре құрғыр,  
Жартасқа соғылады кеме дүлдүл...  
Шимайы балапанның неге анық,  
Шимайы алақанның неге бұлдыр?

Бақыттың жолы содан шиыр, шимай,  
Құныңды кім есептер тын судай?  
Келемін отырса опак, тұрса сопак,  
Қоғамға күпім сыйып, күйім сыймай...

Тағдырдың жалшысы бол, болмасы еге,  
Деген бос: от жағамын тоңға сере...  
Кімді кім жазып жатыр, маңызды сол,  
Кім кімді шимайлауда, сол мәселе...

Қаламнан деген қайда қол ширайды?  
Келемін тұзде жапан шөл ши қайғы...  
Көшіріп бастай алмай сол жазуды,  
Өшіріп тастай алмай сол шимайды...

## **ШЕР-ХАН**

Көзін сұмдық шел басқандар бар,  
Көкірегін шындық шер басқандар бар,  
Ұлт үстінен ұпайын түгендеп,  
Ұялмай-қызармай жер басқандар бар!  
Бір кем дүние!..

Құлқын деп жеңін түретіндер бар,  
Ұлтым деп өмір сүретіндер бар,  
Үріп кеп ішіп, шайқап кеп төгіп,  
Үйіне қарсы үретіндер бар!  
Бір кем дүние!..

Ердің арқаға бататыны бар,  
Сарттың сырттан сататыны бар,  
Батыр сонда да моласымен-ак,  
Жаудан Жер қорғап жататыны бар!  
Бір кем дүние!..

\*\*\*

Тиді шоқпар,  
Қата тимей, бата дөп,  
Ойнат таяқ әңгірді!  
Жұбай келіп талқылайды жата кеп,  
Құдай жазған тағдырды...

Диуанадай  
ақиқаттан айрылған,  
Сорабында көне іздің,  
Білегімді арқан қиды қайрылған,  
Жүрегімді сен ездің!..

Күнә арқалау қандай қыын кінәсіз,  
Не көрмедің, о, маңдай?!  
Дарға асылған Вийондай,  
Нарға асылған Қодардай...

Дәрменім жоқ қармануға, дымсызбын,  
Көзбен атты таң боздақ...  
Қылтамақтан өлген байдай үнсізбін,  
Қылбұраудан жан боздап...

Тартқан азап, шеккен бейнет мол сұмдық!  
Домалаған доп-баста...  
Өмір мені неге жеуге сонша ынтық,  
Темір өзі  
өзін жейді тот басса?..

*Астана, 2018*

\*\*\*

Ұйқыдағы ояумын осы қазір,  
Аттыдағы жаяумын, көшім әзір.  
Күлдіреді бірінші сұық хабар,  
Жылатады күтпеген тосын әзіл.

Бір жұмаға Құдайды алдап алдық,  
Қоқыс шығару үшін нанға бардық.  
Ішсе ғана теретін нөмірлер бар,  
Оны жатқа білуің таң қаларлық...

Ит күзетті тұрмені сіз отырған,  
Кітап жазып жатырмыз біз оқылған.  
Қорымда да тіршілік қайнап жатыр,  
Көктемді, эне, сынады күз-оқырман.

Уақыт тоқтап қалғандай молаға кеп,  
Бақыт – кәмпіт, әкелген балаға деп.  
Арыз жазу бөтенге – занда дұрыс,  
Қарыз беру туысқа – жаман әдет.

Аяғы жоқ, басы жоқ, қолсыз денем,  
Жолда келе жатамын... жолсызбенен.  
Жер домалап барады деп ойлайсыз,  
Мен домалап барамын, мен, Сізбенен...

01.11.2016

# АЙНА АРТЫНДА

(*Айна әуені*)

*O quae beatam, Diva, tenes*

*Syprum et Memphin...*

*Hor*

Сұлұлық – он тоғыз жасар қызы,  
Және бұл ғасырдан емес Ол!  
Екеуміз қосылып неге сол  
Үшінші жаннан кеп қашармыз?..  
Орындықты жылжыттың Ол жаққа,  
Мен Оған сыйланған гүлді алып.  
Білмейміз, қандай жан болмаққа,  
Қорқыныш, жүректі мұн қарып...  
Тұрмаден шыққандай тұрмыз біз,  
Бір-бірін білетін жүз – елес.  
Азабы –  
тозақта жүрміз біз,  
Ғажабы –  
ол екеу  
біз емес.

1963-2016.  
*Комарово*

\*\*\*

- Кімнің үйі – мынау үй?
- Жұмағұлдың.
- Жасай берсін Жұмағұл!
- (Иә, бұл кім?)
- Атым – Сұлтан, есімің, бала, қалай?
- Дәulet, – деді.
- (Алданып қалады оңай!)

Елтіріні, қымызды, етті көріп,  
Уәдені сүм Сұлтан төкті келіп:  
«Ақша сөз бе, төбеңнен жаудырамын».  
Тонап, талап, ішіп-жеп, кетті қонып...

2015

\*\*\*

Үнсіздіктің ұлы екенін білдім мен,  
Үнсіз жылап, үнсіз тыңдал, күлдім мен.  
Сол ерекше қасиеті шығар-ау,  
Үнсіз ғашық болатыны гүлдің де ең...

• Естімейтін адам болсам бір сәрі,  
Сөйлемейтін адам болсаң бір сәрі...  
Одан дағы махаббатқа назым бар,  
Сені – мылқау, мені – керен қылса-ды...

Ар жағында тұтқадағы таныс дем,  
Саған жақын, тұтқа, Ай, Күн...  
Алыс – Мен...

Маған оңай болып отыр дәл қазір  
Сенен гөрі тілдесуім ғарышпен...

Кеше бірақ көп сырластық, тілдестік,  
Бірде естімей, жаттың, жаным, бірде естіп...  
Біз мылқаулар мектебіне шәкірт боп,  
Біз керендер үйінде ауыр күн кештік...

Біз соқырлар қоғамында мүшеміз,  
Дәм сезбейміз, у ма, бал ма, ішеміз...  
Ақыл-ойы кем жандарға қосылып,  
Қоларбадан аяқ-қолсыз түсеміз...

Сені көрмей күн кешем-ді ертең мен,  
Сені сүймей мұң кесемді төңкергем.  
Қайырылған қанаттаймын сыңарсыз,  
Айырылған қайықтаймын желкеннен...

Менен ессіз бар ма, жаным, жоқ, білем,  
Ең ақырғы осы өлеңге жетті дем...  
Мен көшеден енді ұстап ап бейтаныс,  
Сен екен деп құшақтаймын көпті мен...

Сұлу болмау, білем, жаным, саған жат,  
Айтуыма не кедергі маған дат?  
Үндемейік, біз-ақ үндемейікші,  
Шулай берсін адамзат...

## **«БІР АДАМ»**

Лениннің суреті астында  
Мағжанның суреті тығулы.  
Бәрібір тордағы қасқырға  
Үйрете алған жоқ үруді!

Тыққандай сұлуды  
Паранджа – кісіге...  
Достоевский тығулы  
Інжілдің ішіне...

Қол сұртіп, тұтатып көбі отын,  
Ол ғасыр – актандак, қара дақ.  
Шәкәрім жырлары –  
Хал үстіндегі Кемпірдің  
кебінін паналап!

«Ақбілек» тығылды  
Фатима, Гүлбаһрамдардың төсегі астына!  
Үш әріп бармағы бүгілді,  
Үш арыс бармағын керзі етік басты да...

Өзі ақын, өзі әкім, бас тұлға,  
Жеке бас.  
Табынып тұр кілең.  
«Бір адам» суреті астында  
Бір ағам суреті тұр, білем!

\*\*\*

Құлағыммен сүйемін – сезім анық,  
Көздеріммен сөйлеймін – көзім әріп.  
Ауызыммен барамын кездесуге,  
Кірпігіммен отырам қозы бағып...

«Аяғыммен жазамын өлеңімді»,  
Мойыныммен өтеймін төлемімді!  
Қолдарыммен оқимын жаңалықты,  
Мандайыммен жуамын еденімді...

Жүргіммен құшақтап тоқам, ысып,  
Миымменен үремін – қара күшік.  
Бауырыммен шегемін шылымымды,  
Өкпемменен отырам арақ ішіп...

Эн айтамын – асқазан ұлыған кеп,  
Мейіріміме үй іші жылыған жоқ...  
Сурет салып көлеңкем қабырғаға,  
Тойда отырмын бір өзім – тірі жан жоқ...

07.11.2016

# **ЖҰЛДЫЗ**

*(Михай Эминескуден)*

Тұған жұлдыздың сәулесі  
Жеті қат Көктен өткенше,  
Мындаған жылдың әуресін  
Арқалап Жерге жеткенше,

Жарығы бізді өпкенше  
Жан тапсырған да шығар Ол!  
(Шыға алмай шыңға кеткенше,  
Шыңырауыңнан құлап өл!)

Жұлдыз да сөнді, өлді әлгі,  
Жарығы тамып сәл еппен:  
Біз көрмей тұра – болған-ды,  
Біз көрген кезде – жок, әттең!..

Сезім де болған, күшті Ұлы,  
Түнектен көзін ашпаған...  
Сол сезімдердің ұшқыны  
Соқыр ғып мені тастаған...

*1886-2014*

\*\*\*

Бота көздерің күйге осы мені  
түсірді,  
Жол жоқ сүймесіме оны!  
Ақ көйлек тұннің қатар қадалып,  
Үзіліп қалған түймесі ме еді?!

Көзінді қадап өртеме мені,  
(Койшы, оның бірақ еркелегені).  
Жамалың – бұлақ, жылай саласың,  
Көзіңе жас та ерте келеді...

Желіге байлап көлденең құлын,  
Мұндай кірпіктер көрмегем бұрын!  
Көз тамшыларың – асау құлындар,  
Көк дөнен көңіл – шөлдеген жырым.

Күмістен тартқан сымдай кірпігің,  
Күміс қой үні мұндай күлкінің.  
Тап-таза реңі, талдырмаш бойы,  
Нәп-нәзік белі тым қайқы гүлім.

Көздерің – тұнық қара барқыт тұн,  
Самалын тұннің маған аңқыттың.  
Көйлегін тұннің түймелеп қойған,  
Жаутандап тұрған жанары артық-тын!

Бота көздері күйге осы мені  
түсірді,  
Жол жоқ сүймесіме оны!  
Ақ көйлек тұннің қатар қадалып,  
Үзіліп қалған түймесі ме еді?!

## **САЛСОҚТЫ**

Кызыл бешпет, қынай бел, құрым етік,  
Бұрды ауылға Қара Ертіс бұрым өтіп...  
Күміс қамар Ай балқып шықты аспанға,  
Кызыл бешпет маңайды інір етіп...

Күміс сырға күмп етті толқынға аппақ,  
Аппақ толқын күңк етті, шолпынды аптап.  
Жүзік те аппақ, жүзген Ай – қамар да аппақ,  
Ақ тамақ тұн сезімдей сол тұнгі аппақ...

Сері түскен ақбоз үй тұндік асты,  
Қол жалғаған домбыра жырға ұласты.  
Төрден шықкан өлеңнің мұны неге  
Алты қырдың астынан гүлді басты?..

Қымыз беті Ай жүзді алақанда,  
Өшпеген шақ ошақта әлі от онда...  
Сері ерініп басады ондайда әнге,  
Кітап артқан ұстаздай сары атанға...

Сұлуға да домбыра кезек берді,  
Лықсыған ән лекілдеп өзекке енді...  
Шолпы естіртпей қалады ойларды ауық,  
Перне басы сүйрік сым безектер-ді...

Кемпір-шалдар ойды іштей тынып, ұқты,  
Орамалдың ұшына шық ілікті.  
Саусақтардың тигенін елге жаймай,  
Дәті берік шыныаяқ – сыры мықты...

Қымыз құйды серіге сұлу ептең,  
Қозса дейсің арқа да, жын иектеп...  
«Құмарлыққа ғашықтық» жол бермеді,  
Басқа түсер боз үйдей қылует жоқ...

Сері аттанды ертеңі тұман кешіп,  
Жүрек, жүрек – сықырлап сыңар бесік,  
Ақбоз үйге сүйеніп ару тұрды,  
Дидарында дүние мұнар көшіп...

\*\*\*

Бәрі жалған, маңайым жылтыр күлкі,  
Ойлайтыны пенденің – құлқын құрты!  
Марапаттап ұсынған гүлің – тікен,  
Жарақаттап сөйлеген ұртың – түрпі!

Біз бір адам едік қой кемедегі,  
Өлеңге обал емес пе өредегі?  
Ақымақ боп ойнайсың неге үнемі,  
Батырақ деп ойлайсың неге мені?

Кемемізді жарға әкеп соғып, құрып,  
Бәрі жақсы дейміз бе, көніп, тынып?  
Құліп тұрған көздерге қалай сенем,  
Бұгіп тұрған бармақты көріп тұрып?

Шын айнасы шындықтың – жанар тұнба,  
Ақиқатты жасырман жан алқымда!..  
Айқара ашық құшақ тұр неге алдымда?  
Айпара асыл пышақ тұр неге артымда?

Өр биқтен құладың – өзге асыл деп,  
Құпия жоқ ашылмас, қоздасын кек!  
Құліп тұрмын өтірік – әз басым – доп,  
Жылап тұрмын өкіріп – көз жасым жоқ...

Дарға асылып, сыртымнан мен де атылдым,  
Көлгірсүдің жөні жоқ енді, ақылдым!..  
Салқындығын не істеймін ет жүректің,  
Сатқындығын не істеймін ең жақынның?!

2018, шілде

# **АЛҒАШҚЫ ҚАР. БӘСТЕСУ**

*(Хокку. Аударма)*

## **I**

Бәстесті ең соңғы жапырақ  
Алғашқы қарменен.  
Бірінші құлаған – ақымақ.

## **II**

Кім бірінші құлайды?  
Алғашқы қар, әлде соңғы жапырақ?  
Маған – сары, саған ақ түс ұнайды...

## **III**

Қар жауып тұр терезеден, не десем?  
Бөліп-жармай батпақты да, гүлді де,  
Бірдей жапты ақ ұлпа қар-женешем.

\*\*\*

Бір сезім болады байқалмай жететін,  
Бір сезім болады айта алмай өтетін...  
Құрлықтар сияқты сілкініп көрмеген,  
Мұхиттар сияқты іркіліп шөлдеген...

Бір сезім болады, ренжіме, кек соны,  
Бір сезім болады, бақытты етші оны...  
Қоңырау сияқты белгісіз нөмірден,  
Саңырау сияқты естітін тек соны...

Бір сезім болады ұнатып көрмейтін,  
Бір сезім болады жұбатып келмейтін...  
Өмірге ұқсайтын құлдіріп алатын,  
Өлімге ұқсайтын жылатып жерлейтін...

Бір сезім болады таусылып бітетін,  
Бір сезім болады жүйкенді түтетін.  
Бір саты сияқты пәтерден шықпайтын,  
Бір сәкі сияқты аулада күтетін...

09.03.2017

\*\*\*

Неге алыс қол созым жер мына қыска,  
Қос тағдыр қарсы отырдық ұлы ағысқа...  
Біреуміз ескерткіштей қайғы-мұнға,  
Біреуміз ескерткіштей қуанышқа!

Отырмыз қарсы қарап жат һәм таныс,  
Әңгіме – жұмыс, өлең, тапқан табыс...  
Сүйісіп көрші үстелде қояды екеу,  
Түйісіп шексіздікте жоқ қалтарыс...

Бізде ше, бізде мұлде басқа қалып,  
Тәбет жоқ тапсырылған асқа да анық...  
Отырған адамдай сіз босқа келіп,  
Отырған адамдай мен босқа барып...

Ғажайып орындалмас сәтті тілеп,  
Бәрін де көзбен айтып жатты жүрек...  
Болмаған оқиғадай бүгінгі кеш,  
Жазбаған хикаядай хат құдірет!

Ауыспай сол отырыс, сол мәнерде,  
Бір жұмбақ қалды ауада, сәнді әуенде...  
Сіз кеттіңіз дәлізді бойлап ұзак,  
Мен қалдым ішімдегі мәңгі әлемде...

Бұл не өзі, анық мұн ба, бұлдыр бақ па?  
Бөлеген бізді не күй түн құндаққа?  
Пәрменім жүрмейтіндей бұл жүрекке,  
Дәрменім жетпейтіндей бұл жұмбаққа!

Астана, 2018

## **АНА**

Жаны да, жанары да шуақ күлкі,  
Таба алсаң, табанында жұмақ кілті...  
Әлемде ең аяулы жан кім десе,  
Ана деп шешіледі сұрақ құлпы!

Сықса құрт, тықса кәмпіт, көргіш онда  
Балалық, соны ұрладық, онды-солды, ә?  
Сыққаны неге ацы болды сонда?  
Тыққаны неге тәтті болды сонда?

Кешіккен ерін күтсе есік торып,  
Есіткен сыбдырды ана, бесік қонып...  
Ку жанын орамалға түйіп қойып,  
Ку жалған жұмбағынан шешіп көріп...

Ананың әлдиінде енші ғылым,  
Анашым, сенсің нәзік, сенсің ірім.  
Ұлыңың жамағанды сен шұлығын,  
Ұлтыңың жамағансың кемшілігін...

Тартса сүт, тартса бұзау, нәрі – бізге,  
Жоғымыз, сонда біздің барымыз не?  
Лайық шалқайса да, бірақ-бірақ,  
Бұкшендереп, жүр бізді әлі салып ізге...

Тілімде сенің атың тұрды, білдім,  
Дінімде сенің атың – құлдық ұрдым...  
Ғаламда сендей ғазиз бар ма, сірә,  
Адамға ақиқаты, шындығы үлгім?!

Ағарған әр шашыңа қарызыбын мен,  
Ақ сүтің... өтелер ме парыз мұлдем?  
Анашым, сен аман бол, сен аман бол,  
Жаратқан, бөле көрме жаны ізгімнен!

## **ҚҰМАЙҚАЗ**

Кербесті кекіліндей қысқа жалған,  
Өзіңе неге ынтықпын?  
Құштар – арман.  
Мына өмір қапия ма, қапылыс па?  
Махабbat іште қалған, тыста қалған...

·

Қамыста  
Құмай  
қаз боп қаңқылдады,  
Аңқау құс жақын үнге аңқылдады.  
Сен – Көкте,  
Мен – Жердемін,  
перизатым,  
Көл  
құмай-махаббаттан салқындады...

Ғашықтың тілі – шәрбат, әні – шекер,  
Арасы сүйгендердің алыс өтер.  
Сағынған жүрегіңе, ғашық жарым,  
Тағдырым иесі емен – табыс өтер.

Аңқылдал алдан шыққан жазығы ма?  
Айналды Аспан Жердің азығына.  
Қаңқ етші, италақаз-махаббатым,  
Құмайдың түскенше бір азуына...

\*\*\*

Миымда күлімдеп жүресің,  
Үйімде тұнжырап жатасың.  
Шай құю керегін білесің,  
У құйып қоясың шатасып...

Біз жайлы оқыған кітабың,  
Күз жайлы тоқыған тоқыман...  
Сен берген уды үнсіз жұтамын,  
Сен берген шайды ішіп отырам.

Ой мен у санада шайқасып,  
Бірдеме айтпақ боп, тосылам...  
Сен жаңбыр жауғанын айтасың,  
Мен тағдыр жазғанын жасырам...

04.05.2017

## **БЕКЗАТ**

Маңдайымды ерке самалға сүйгізіп,  
Төбемді жеті қат Көкке тигізіп,  
Жұлдыздың бәрін жолыма төсеп,  
Жүрегіме бүкіл Әлемді сыйғызып!  
Қап-қара тұнді қақ жарып, <sup>2</sup>  
Сенің һас маңғаздығына малданып,  
Даламды түгел думанға бөлеп,  
Көктем көркіне тағы бір таңданып  
...мен келдім.

Аяғынды раушан гүлдерге сұртіп,  
Тұнекті алтын кірпігің тұртіп,  
Арасын жол ғып Ай менен Құннің,  
Еліктең қалқам, елеңдеп, үркіп!  
Шашынды қолаң қара тұн өріп,  
Мақпал кештердің манаты көміп,  
Мақтадан жұмсақ, мамықтан ұлбір,  
Періштелердің қанаты болып  
...сен келші.

Кеңістік кеудем, күркіреп демім,  
Жырларым – жауын бүркіп өткенім.  
Бұлқынса дауыл бұл жүрегімнің,  
Жүрегінді ашар кілті көп менің!  
Үмітім құсан сан жылап, күліп,  
Ғасырды жырым қарғылап тұрып,  
Ақ алмас арым, асқар тау еңсем,  
Арманымды асыл аргымақ қылып  
...мен келдім.

Тәж киіп ал да басыңа бектей,  
Нөсер боп кетші, шашырап өтпей!  
Жер бетіндегі мұхиттың бәрі  
Бір тамшы көздің жасына жетпей!..  
Сезінсе бітер тілге де қанат,  
Құшағыңды ыстық шілдеге балап,  
Үлпершектейін үмітінді үкі  
Күнгे де қадап, гүлге де қадап  
...сен келші.

Біз солай ғана жолыға алармыз,  
Жүргегінді ұстап қолыңа, бал қыз.  
Періштені ертіп періште қайтсін,  
Өзің-ақ жалғыз  
...сен келші,  
сен келші!..

## **ЕҢЛІКТІҢ ТҮСІ**

Ай нұры бетіне уыз боп үйиған,  
Айдыны айнамкөз зерендей дөңгелеп,  
Тәнірдің артықтау бұйырған сыйынан,  
Тандайым тәтті уға ойылып шөлдемек...

Тобылғы ішінде топ арқар тұледі,  
Жабағы жүнінен бозторғай үй тігіп.  
Не деген мазалы сүттей ақ тұн еді,  
Тай саба түбінен түнемел құйдырып...

Желтаудан жез киік шашқанда жарығын,  
Көзінде еңлік-тамшылар шүпілдеп.  
Сол тұні бастайды әскер де жорығын,  
Найзасын кебек-тамшылар түтіп жеп...

Кемзалы керілген киіктей жарасып,  
Көзіне тік қарап, атуға батпағам...  
Ақ тұлқі арманға қағушы таласып,  
Құміс ер алдына тың құмай сактағам...

Тобылғы ішінде адырна идірмей,  
Еңлік-жанарға мен өлең жаза алман...  
Тағдырдың мандайын Кебекке сүйдірмей,  
Ақ тұлқі құтылmas – құмай-ажалдан...

\*\*\*

Театр.

Періштенің рөлінде  
Ойнамақ ақын қайда?  
Жыр елінде...  
Біреумен кабакта отыр қалғып-мұлгіп,  
Періште жүзінде емес – жүрегінде...

Өмір.

Көк қанденниң рөлінде  
Ойнамақ ақын қайда?  
Бір өнірде...  
Бір өзі кабакта отыр қалғып-мұлгіп,  
Даусынан танып қалдым үрерінде...

\*\*\*

Неге жолықтық,  
Неге торықтық?  
Неге шаттандық,  
Неге қорықтық?

Неге сағындық,  
Неге таңылдық?  
Неге дәп бастық,  
Неге жаңылдық?

Сүйдік неліктен,  
Күйдік, көрікті ен...  
Мұз ба еріген?  
Муза еріткен...

Қалай шыдаймын?  
Қалай, шырайым?  
Кімге айтамын,  
Кімнен сұраймын?

Сезім – мәңгілік,  
Сөзім – жаңғырық.  
Кеттім бірге алып,  
Кеттің қалдырып...

Қош бол, қимаймын...  
Дос бол, қинайды үн...  
Ұмыт деймін де,  
Ұміт сыйлаймын...

## **АЛҒАШҚЫ РАУШАН**

Алғашқы раушан.

Үзем деп сені үздігіп жармасты қол сан...  
Күз келсе саған арман не, адамнан өлдің,  
Үзгенше сені мезгілдей алмасты қанша ән...

Қып-қызыл гүлім.

Сезім алдында біртүрлі мықтымыз бүгін!  
«Зор махаббатты біздегі ұқтыңыз бүгін»  
деді де ыстық құшаққа тықты күз гүлін...

Бірінші раушан.

Жүректер тоқтап қалардай тым үнсіз қалсан...  
«Бүгін Сіз сондай әдемі боп тұрсыз» дейсің,  
Әдемі болар ма едім мен, гүлімсіз барсам?..

Ақпан. Тоғызы.

Жүректің сынды мөп-мөлдір қатқан теңізі.  
Мен емес ақын, сол ақын, сол ғашық адам,  
Бұл гүлді маған дүкенде сатқан, негізі...

Терезе – қабір.

Махаббат деген немене, ереже ме бір?  
Далада туып гүлдерге махаббат үшін,  
Терезеде өлу тағдыры – ең өзі ол әділ...

Сыйлаған гүлім.

Сыймайды мынау жүрекке қимаған жырым...  
Мен емес ақын, сол ақын, сол ғашық адам,  
Коқыста жатқан гүлдерді жинаған бүгін...

# **БАҚТЫҒА САҒЫНЫШ**

*Жайырдан басқа жауым жоқ...*  
**Жәркен Бөдеш**

Балалығым қалған белде бұлыштырып,  
Сағынышым шапқылайды құлын-жыр...  
Қантардағы сары аязы шыңылтыр,  
Шілдедегі сары масасы шіліңгір.

Дұлығадай Дуанбайдың<sup>1</sup> мәрт биік,  
Сауыр-сауыр сағынышын артты иық!  
Шыбын жаным сенде қонып кеудеме,  
Кұлын жалын сенде мінгем шарт түйіп!

Шықпаған шың, сенде қанша өр талай,  
Серек таулар сенсөн бөрік, ен тоғай.  
Қара суың, қанып ішсөн, сорпадай,  
Сары құмың қамсау-қамсау қамқадай.

Саған келіп жан бағамын, шөлдесем,  
Саған келіп жан тапсырам, кең көшем.  
Асан қайғы іздеп өткен жер де – сен,  
Корқыт қашып құтылмаған көр де – сен.

О, туған жер, сендік өксік өңменде,  
Сарайым сау дей алам ба сен кемде?  
Топырағың бұйырса сол бір уыс,  
Кеудемдегі бір уыс ет өлгенде...

---

<sup>1</sup>таудың аты

Гұлдейді әлем көнілде,  
Көрмейтіндер ше, өлем бе?!.  
Өкпе бар дейді өмірде,  
Жүрек бар деймін өлеңде.

Жаратқан Құдай жақын ғып,  
Пішеміз пенде ісі ғып:  
Арқама қара, ақындық,  
Кеудеме қара, кіслік!

Бұл әлем, әлем – ән әйбат,  
Бір ауыз сөзге сыйды-ақ:  
Аузым бармайды, о, ғайбат,  
Қолым бармайды, қиянат!

Еркіндік – іштің күйі екен,  
Жазғыру – жанның тозағы.  
Сезім жоқ деген ми екен,  
Сөзім жоқ деген, мазағы.

Шексіздік шегі – уақыт та,  
Үнсіздік даусы – керенде.  
Миым жетпейді  
Бақытқа  
Қолым жетпейді дегенге...

## **АЛҒЫС**

Әуелі өлшем – Тәніріме алғысым,  
Мәуе берсем – Тамырыма алғысым.  
Күнге алғысым – шапағына бояндым,  
Гүлге алғысым – жұпарынан ояндым!

Анаға алғыс – ақ сүтінән күш алдым,  
Атаға алғыс – жонған оқтың ұшы алтын!  
Жеріме алғыс – Алтай, Арқа, байтағым,  
Еліме алғыс – Азаттықтың айт әнін!

Досқа да алғыс – жау ішінде қалмадым,  
Қасқа да алғыс – шайналса да бармағым.  
Құранға алғыс – имани шарт, қорғаным,  
Тұранға алғыс – жалғасы Алтын Орданың!

Алғыс айтсын бауырымдағы бар ұлыс,  
Алғыс алмай еткен ісім – жарым іс.  
Алғыс деген – Абыл деген сөз-ау бір,  
Қарғыс деген – Қабыл деген сөз-ау кір.

Алғыс айтам кіріп тұрып әр үйге,  
Алғыс, алғыс – қарияға, сәбиге.  
Қазақты Алла алқап тұр ғой, сонан соң  
Ардай қымбат алғыс шығар, әрине...

Алғыс деген, алғыс деген сөз ұлы, ә?!

Махаббатқа алғыс – Баян-Қозыға.  
Болашаққа Алтын тастап кете алман,  
Елден алған Алғыс – солар қазына.

Жаңбырменен Жер көгерді, енді өлмен,  
Батаменен Ер көгерді, дем берген.  
Бір сәмке алтын керек емес, адамдар,  
Бір сөтке алғыс естиінші сендерден.

## **МОДИЛЬЯНИ. ПИКАССО**

Мен – көшеде,  
Сен – кеңседе...  
Күн кештік.  
Бірге жанған жоқ шығармыз – бірге өштік!  
Біздің қастық – ең дөрекі достық-тын,  
Бояулардың тіліндегі ұндестік...

Есімінді атап өлдім, не шықты?  
Саған – қоғам,  
Маған – адам өшікті...  
Ішім боп-бос бокалындаій босаған,  
Құдай Мені  
Саған қарап жасаған!

## **ЕСАҒАНША**

*Мен де уш өлең жаздым. Қызық болсын  
деп. Есенгали агама еліктеп. Үшеуінің де  
аты – «Мысық», яки үшеуі де мысық туралы.  
Әуелгісін Серік Ақсұңқарұлы «болып», екіншісін  
Жүрсін Ерманның, соңғысын Тыныштықбек  
Әбдікәкімұлының үлгісімен жаздым.  
Ақсұңқарұлы «авторлығымен» жазғаным  
мынадай болды:*

Қара мысық, қалдың жүртта, –  
Ескі жүртта мен қалдым!  
Көзге сүйел болдым қыртқа,  
Саған дөкей, шенді, әлдің!

Аллаға қол жайғандар кім?  
Патшаң аяқ жылтып, –  
Арқамыздан Пайғамбардың  
Сипағанын ұмытып!

Күшігінді дорба-дорба –  
Шошып... көрем түсімде!  
Арыстарым дарда-торда,  
Мен де бармын – ішінде!

Жолын бөліп өттік пе екен?  
«Құл тең – баймен»  
Ар-ұяттым!  
Қолында өліп кеттік пе екен?  
Люмпен-пролетариаттың!

Алашыма жете алмаспын,  
Ағызып көз сорамды...  
Алашаңа жата алмассың,  
Сенде де күн қараң-ды.

Үйретті өмір – кекке мені,  
Сені – тұстің қарасы.  
Екеумізді жек көреді  
Өңшең иттің баласы!

*Ал мынау «Мысық» Жүрсін көкемнің  
шешесінің шатырынан құрт ұрлаган мысық:*

Балалық шақтың тәтті кезі дейін,  
Мысыққа бала құмар, өзі бейім.  
Шешемнің құртын ұрлап жедік екеу,  
Шатырға жайса маржан-ежігейін.

Елге адал, жерге ғашық, сол ақылдым,  
Кішкентай бала мысық, бала атым – мұң.  
Арқасын кім сипап жүр сол мысықтың,  
Малтасын кім тыңдап жүр сол ақынның?..

Жігіттің ел есінде шағы сайран,  
Екі көз жанса шырақ – таныс айнам.  
Жаурыным жер иіскемес балуан болсам,  
Ол-дағы сенен алған әдіс-айлам.

Ауылым, жете ме шалғайға әнім?  
Кәрі шеше, саман үй, шалды ойладым...  
Екі қолдың кісенін мен білемін,  
Төрт аяққа тұсамыс – қандай жаным?

Тұжырым қате шығар – сені ұры деу!  
Тұжырым қате шығар – мені ұлы деу!  
Пырылдап кімді оятып жүрсің екен,  
Ырылдап оятып жүр мені біреу.

*Тыныштықбек көкемнің «Мысығы» мынандай болды:*

Айдан тамған сұтті жалап тіл-шеңгел,  
Жапырақтар – жасыл көздер бүрсендер.  
Қызыл інір шалғайына сұңгиді,  
Домалатып сен ойнаған күн-шеңбер.

Жүк бұрышын күз тырнады, байқадым,  
Қызыл сиыр Ай мүйізін шайқады.  
Биыл қыстың ниетінен күдікті,  
Сұтке сараң сауыншының қойқаны.

Аяқ-қолы қақсаса шал-кемпірдің,  
Суық көніл үй етегін сен түрдің.  
Ки ішіне балалаған ойлардың  
Кияметін көз алдына келтірдің...

Пырылдаса сынық әйнек, жел-көкем,  
Қымтанамын пеш түбінде, нем кетер?  
Мен ештеңе көрген жоқпын фәниден,  
Көзін жұмған ала мысық – мен бе екем?

*Енді Жәркен Бөдеш ағаша, Темірхан Медетбек көкесін жазуым керек...*

## **КЕРЕФАР – II**

Көктемде құспен келдің,  
Шатырдан жас боп тамдым.  
Шарапты ішкен меммін,  
Сен неге мас боп қалдың?

Көктемде гүлмен келдің,  
Үзіліп тұскен әнмін.  
Құршекті ілген меммін,  
Сен неге іште қалдың?

Көктемде құспен келдің,  
Қыратта гүл боп өндім.  
Көліктен тұскен меммін,  
Сен неге бірге келдің?

Көктемде хат боп келдің,  
Қанаты бұл ақ құстың.  
Тапанша ат деп бердім,  
Сен неге құлап тұстің?

2015

## **Ж...-ға (10)**

Біздің бақыт біреулерге сөз бол құр,  
Нысана бол келеміз көп көзге өткір.  
Пышағынан, пыш-пышынан солардың,  
Құшағыма, қызғалдағым, тез кеп кір!

Ұрындырмай жала, жауын-шашынға,  
Қорғаның бол өтем өткір жасынға!  
Қолшатырым болмаса да қолымда,  
Қолшоқпарым болмаса да қасымда!..

Ішкеніміз бола бермес ылғи у,  
Өртенейік бірге – бөлек бұл қүю!  
Сені қолдау – хас өлеңге жол ашу,  
Сені қорғау – жас өмірге нұр қүю!

Өмір сүргім жоқ жылтырақ жұртқа ұнап,  
Не жетеді өткенге әйбәт жұп құрап!  
Сезім құны алтынан да бағалы,  
Сенім қылы арқаннан да мықтырақ!

## **БЕС ЖЕБЕ**

*(Mұхтар Магауинге)*

Ұлы Ана бес жебені «Сындыр!» деді,  
Ұлдардың сындыра алмай тынды үндері...  
Шаңырактан түскен нұр, сары сағымға  
«Боданшар! Садағынды ілдір!» деді...

Сол тарих көз алдыңа күнде келіп,  
Иттермен арпалыстың үрген, өріп...  
Әуексіз көкжал кетіп бара жатыр,  
«Сұм өмір саналыға түрме болып...»

Көктасы Күлтегіннің қисайып тұр,  
Отанын бұл күндері сүйсе, айыпты – ұл!..  
У тамды бал таматын мына тілден,  
Сілтідей сілекейім тисе ойып кіл...

Соңыма түссін, мейлі, шырақ алып,  
Біз аяқ басқан жоқпыз, сірә да, нық!  
Отардың Отанменен айырмасы –  
Бір адам үшін қазір – бір-ақ әріп!..

2015

\*\*\*

Төзімің жетсе ол күйді жазба, шыда,  
Махаббат – ынтықтық-ау азға, сірә...  
Көпірден секірмедік неге сонда,  
Өкірген өзендерге – көз жасына?

Сүймеген шакта сұрсөң өмір оңай,  
Өмірден бөліп алам сені қалай?  
Құбыла жақты ұмыттым, Құдай кешер,  
Шұғыла шашқан кездे менің арай!

Сөз артық шын ғашыққа, ән-сыңарға,  
Көз артық, шындалп шыққан тамшы барда!  
Сөз керек, керек, мүмкін, наң сұрапға,  
Жо-жо-жоқ, тым дөрекі – хал сұрапға...

Үндеме, үнсіз ғашық сөзіне ауыс,  
Сөзсіз сүй, көzsіз ұнат, өзің алыс.  
Сөз артық, тыныштық та – тыңшы сынды,  
Біз үнсіз түрған шактың өзі – дауыс.

Қыз заты көрмеп еді бұлай ұнап,  
Сөз артық шын сезімге құдайы һақ.  
Өлеңім сөзсіз жазған саған сүмдышқ,  
Әндерім сөзсіз айтқан шынайырақ.

\*\*\*

Оқырман әлеміне болып аныз,  
Біз қазір тек өленде жолығамыз...  
Тоңады тек қаламда сұмбілеміз,  
Қонады тек қағазда қолына күз...

Мына бір өлеңімде жаңбыр жылап,  
Есігін аша алмаппыз жанның жұмак...  
Вагоннан сен тұспепсің бір өленде,  
Перроннан мен күтпеппін, тағдыр жырақ...

Мына бір өлеңімде тым мұндысың,  
Шығарып салып тұрсың жылдың құсын...  
Жолында естелігі қарашаның,  
Қолында ескерткіші гүлдің мұсін!

Мына бір өлеңімде тәп-тәтті ернің,  
Екінші шумақта оны татпақ – меммін...  
Бесінші шумағында қол ұстасып,  
Келіпті саған еріп бақбақ тергім...

Мына бір жолдарында таңсың деппін,  
Иран бақ иығында әншің боппын...  
Өлең боп жарып шыққан сен иесі  
Сөзбенен салып шыққан әр суреттің...

Кейінгі екі өлең де тым дерексіз,  
Отырмыз қарсы қарап, үндемеппіз...  
Әлемде сыртымдағы бір бөлекпіз,  
Өленде ішімдегі бір бөлекпіз...

Тамшыдай аспаннан кеп, жерге сіңіп,  
Міне, бұл өлеңде де келмес үміт...  
Астана бағытымен мен асырып,  
Алматы уақытымен сен кешігіп...

*2018, маусым*

## **АНАНЫҢ ИІСІ**

Сегізінші наурыз келді, ғұрып нық,  
Жігіт-желең сыйлық іздеп жініктік.  
Онсыз-дағы әп-әдемі, ғажайып  
Әйел затын әшекейлеп, жылыштық.

Барлығы иіссу алып жатыр жарға өзі,  
Иіссудан басқа сыйлық бар ма өзі?  
Жоқ, мен иіссу алмауға әбден бекінгем,  
Үлкен, ауыр оқиға еді ол да өзі:

Сол оқиға жайтқа себеп бүгінгі,  
Еске түсіп сай-сүйегім үгілді.  
Жабырқаулы жүйке-жүрек езілді,  
Көмейіме өксік өлең тығылды...

Ұлымыз жас, әлі тілі шықпаған,  
Түсіндіріп бере алмадық түк те оған.  
Емханада жарым жатты, сырқаттау,  
Жүдейді онбай жүректегі дыққа адам...

Ұлым кешке іздеді кеп анасын,  
Іздейді кеп, іздейді көп жаны асыл...  
(Әке берген жылды киім, мол астан  
Сен бәрібір ашығасың, тоңасың!)

Уанбайды, шырқырайды құлышым,  
Үздіккенмен үзілердей жұлышым,  
Мені керек қылышп жатқан бала жоқ,  
Үйде жүрген бөтендердің бірімін!..

Сосын... сосын... қара ғажап жайтты,  
(Қара тұнде мені ұқса, осы – Ай ұқты)  
Қалғып кеттім. Кінәлі – Мен, айыпты!  
Шешем келіп, Жадыраның көйлегін  
Ұлымыздың жанына әкеп қойыпты...  
Құшырланып, ақ көйлекті құшақтап,  
Айдың, ұлдың айдын көлдей түсі аппак,  
Сүттей тұнге құшақтарын жайыпты...

Ақ көйлекті иіскейді кеп жарығым,  
Мен де иіскегім келіп еді жарымын,  
Ұйқылы-ояу ұлым қағып жіберді,  
Сонда ғана ұқтым Ана қадірін!  
(Кешір, Ана, кешір, Ана, ғарібім!  
Сізді қатты иіскемеппін әлі күн...)

Исі ананың не жұпардан тәтті екен!  
Аңқыса анқыр жұмақтағы бақ-мекен...  
Іісалмастар Ана жайлы не дейді?  
Соны ұқтыршы, айналайын ақ бөпем!  
Айдан тамған ақ сәулені құшақтап,  
Қара тұннің құшағында жатты екеу...

## **КЕНТӨБЕДЕН РЕПОРТАЖ**

Қазақ момын, біледі дым демесін,  
Қазынадан қампайтты күң де месін.  
Жанарынды сатқанмен жарылқар жок,  
Жанаармайын сатсан да күн көресің...

Құлқыныңды қайтейін женсе қалжа,  
Кең дүние дегені – кенсе, қаржы, ә?  
Кегінді алып беретін үкімет жок,  
Кенінді алып, тегін сұт берсе де – олжа.

Қазақ қалса мыс кетіп – сол да қайыр,  
Алаш саған аманат, алдағай ұл.  
Жолға су сепсе болды, біздер разы,  
Кісенін салмаса етті қолға майыр...

Алтын көрсе – періште таяр жолдан,  
Күміс көрсе – көріс те аяр, қамдан.  
Қазақ көрсе – мыстан да мүмин болып,  
Қазақ көмсе... өлгенше тояр молдам.

Көп еді қазба байлық, пейілім ол шын,  
Көмеді, «жазған-ай» деп көндім, өлсін.  
«Кен кетіп бара жатыр» дейді әкем,  
«Нен кетіп бара жатыр?» дейді көршім!

# ҚОНАҚ

(Анна әуені)

Бәрі де бұрынғыдай:  
Сол қалпым, түсім өнді.  
Қар әйнек ішіне енді,  
Маған бір кісі келді.

– Не керек? – дедім оған.  
– Тозақта бір болайық!  
– Кім айтты сені маған?  
Мен бе екем мұңға лайық?

Қолдары жанай сиқыр,  
Гүлдерді иді де оңай:  
«Сен оны қалай сүйдің?  
Сені ол сүйді қалай?»

Көздері қолымдағы  
Некенің жүзігі, енді...  
Жүзінде оның кәрі  
Қастандық жүзіп өлді...

Білдім мен: түпкі Еге кім –  
Өзгеден ерек елес...  
Мен оған түк демедім,  
Оған түк керек емес...

1914-2016

\*\*\*

Кездесті олар мекенде жолы көне,  
Шарап пен шай найқалды – долы кеме...  
Қиды ару өз-өзін құрбандыққа,  
Сүйді жігіт, айтпады оны неге?..

Шарап ескі, бір ғасыр бұрын жапқан,  
Көйлек жаңа, женін зер бүгін қапқан,  
Жүзік жатты қалтада, саусақта ізі,  
Жүрек жатты қеудеде, тығулы оқпан...

Күз күледі мысқылдал әзіл үйіре,  
Біз күлеміз өтірік, разы күйде...  
Шарап айтты күтерін ғұмыр бойы,  
Көйлек айтты кетерін қазір үйге...

Көбелектер шамға кеп жатыр өліп,  
Айта алмады ештеңе батыл ерік...  
Ханша киген көйлектің нәті бөлек,  
Сонша сүйген шараптың дәті берік...

Жол екіге айырылды, жасанды бақ,  
Өзекте өлең тулады, асау бұлақ...  
Бағыт екі болмайды, тағдыр біреу,  
Бақыт екі қонбайды, рас-ау...  
Бірак...

## **Арзу**

Жігер – құм болды,  
Жүрек – құл болды...  
Жерім – пұл болды,  
Елім – құл болды...

Сатып бітірсін,  
Атып... үкім, сын...  
Шенді – құтылсын,  
Шерлі – тұтылсын!

Билік – бүкір шын,  
Күйдік, бүкілі сұм.  
Әкім – құтырсын,  
Ақын – ұтылсын...

Қарыз – белшеде,  
Арыз – кенседе...  
Руы – ас, тойда,  
Рухы – еңседе...

Байлық шылқыды,  
Айлық – күлкілі...  
Тесік қалтамыз,  
Тесік – құлқыны...

Балық – қармақта,  
Халық – шарбақта.  
Құзғын – тұғырда,  
Тізгін – жармақта...

## **ЖАСАНДЫ КӨЛ**

Аққуы жоқ айдын көрдім,  
Шаңқылы жоқ шағала.  
Қайығы жоқ қайғым келдің  
Қамысы жоқ жағаға...

Жасанды көл – дауысы жоқ,  
Жарға асылмас жағалау...  
Құяры жоқ, ағысы жоқ,  
Тұйық көңіл тоған-ау...

Келіп... неге қайта алмадым.  
«Тереңіце батыр» деп,  
Сені «көл» деп айта алмадым,  
«Шөл» деуге де хақым жоқ...

•

Жасанды көл дейін десем,  
Жасыл екен жамалың...  
Жасанды екен ойым десем,  
Жасаурайды жанарым...

Жүргімді ап қашармысың,  
Жанарыма, кел, орна...  
Ернеуінен асармысың,  
Жасандысың неге онда?

Жағанда ойлар – жыр аялы,  
Толқыныңда шайқалды Ай...  
Екі ғашық мұнаяды,  
Жасанды сөз айта алмай...

Неге кеттім, қайдан бардым?  
Жоқ қайығым, жоқ кемем.  
Сен шындыққа айналған күн  
Мен жасанды боп келем...

## **МАҒЖАН**

Қара жолақ сурет құсап шеті кем,  
Мен де бір күн тұяғымнан кетілем.  
Ақындарға қазанама жазбаңдар,  
Ақындарды қоршамандар, өтінем.

Тәні Жанын қамағаны жетеді,  
Абактыға қамады – өгей мекені.  
Мазарға ертең тұтқындайды тағы да,  
Ажал деген – қара жолақ, екі елі!

Рух тірі –  
Кеше көрдім Мағжанды,  
Аралап жүр Алаш дейтін вокзалды!  
Оқып берді алақандай қағаздан,  
Өлең емес – мандайына жазғанды!

Иланбаңдар ақын өлді дегенге,  
Айналып жүр әлі күнге төбеңде!  
Мағжан – Мағжан,  
маржан – маржан боп қалад,  
Батып-батып кеткенімен теренге!

Бір ақиқат айтайынышы сенгісіз,  
Бір тұсінер адамсыз ғой  
шерді Сіз:  
«Ақындардың туған жылы – белгілі,  
Өлген жылы – белгісіз!»

\*\*\*

Бітпеген бұгінгі дау – кешегі егес,  
Көз алды көне керуен көшеді елес...  
Дауығып алған бұл күй мәңгі мендік,  
Сауығып сыртқа шығар шешек емес...

Балаққа шұбатылып шынжыр қоғам,  
Тамаққа тіреледі қынжылған ән...  
Әзіл сөз тісімдегі тым жылмақай,  
Әділ сөз ішімдегі мың жыл бодан...

Бостандық айтам жырын сөзім ұшып,  
Бодандық артам жүгін тезі қысып...  
Әз басым ермек екен, ел тепкілең,  
Көз жасым кермек екен, өзім ішіп...

Шыжық бол содан ылғи қызық көп кей,  
Өте алмай арғы бетке жүзіп беттей,  
Өрнегін өлеңімнің бұзып алмай,  
Өрмегін шешекемнің үзіп кетпей...

*Aстана, 2018*

## **ҚАНСОНАР**

Алты не жеті тұлеген,  
Алыстан тоят тілеген,  
Кірпияз!  
Кірсе шыққысыз  
боз үйге ғана тұнеген,  
Езуін қанға былғаған,  
Азуын айға білеген,  
Алып құс отыр,  
Пошымы –  
Тамыры білеу ірі емен!  
Жембасары пышақтай,  
Тегеуріні,  
Шенгелі,  
Кере қарысы құшақтай,  
Алып құс отыр,  
Балтақта  
Іріңдей ірі тұсақтай!  
Тұяғы Жерді илеген  
Төбесі көкті тіреген!  
Жыландаі басын қақшитып,  
Жадағай көзін ақшитып,  
Өңмеңінді іреген,  
Жалт қарап жұлып алғандай,  
Томаға-тұйық тар мандай,  
Алып құс отыр төргі үйде,  
Төреден аумай қалғандай!  
Сол құска көзі сүзіліп,  
Қыпша белі үзіліп,  
Маржандай тісі тізіліп,  
Риясыз,  
еппен сзылыш,

Келін кеп сәлем салмас па,  
Сәждеден басын алмас па,  
«Сәлемінді алдым» дегендей,  
Самарқау,  
Салқын марқасқа,  
Мезіреті жасар сілкініп,  
Сілкінген сайын құлпырып,  
Иесіне қарап саңқылдар,  
Қатының сәлем салды деп,  
Иілген белі талды деп,  
Жанары оттай жарқылдар.  
Көтерер басын сол шақта,  
Соғылып шолпы моншакқа,  
Сәлемін тағы салмас па,  
Сәждеден басын алмас па,  
Отағасына қайта иілер,  
Өңешке өксік түйілер,  
Сымбатына ері сүйінер,  
Нәпсілері нілдей бұзылар,  
Имандары ала тайдай бұлінер!  
Алып құс тағы шаңқ етер,  
Ақ балтыр Айға жарқ етер...

\*\*\*

Самайыма ақ кірді,  
Қара тасқа қақ тұрды.  
Қара ағаштың қасына  
Сіз ектіңіз ақ гүлді...

Екі ғашық таң алды  
Айыптайды ақ тұнди...  
Қара бешпет, қамарды  
Ақ күміске шақ қылды.

Қара тұнге ақ шидем  
Сініп, үзді тәтті үнді...  
Қара судан, ақ шиден  
Алты ала қаз сап құрды...

▲

Қарагердің мойнына  
Ақ құрықты тап қылды...  
Қара Жердің қойнына  
Ақ кебінді лақтырды...

Самайыма ақ кірді...

## **АЙНА**

Өз-өзімнің ұмытқанмын түрімді,  
Бала бейнем қайда кеткен бұрынғы?  
Мен айнадан өзімді іздейм, ауылда  
Кекіліне жел жармасқан бір ұлды...

Айна өзгермей, мен өзгердім жыл санап,  
Адам ғұмыры – аунап түскен құмсағат.  
Өзге біреу жығылады айнада,  
Өзге біреу жымияды қылса ағат...

Айна артында кекілді ұл жүр ойнаған,  
Айна алдында ақылды ұл тұр – ойлы адам.  
Өзімді іздең кете барам мәңгілік,  
Өмір дейтін өзгешелеу айнадан.

Айна – үйдің мұлқі екен деп ойладым,  
Айна – қайғы, құлқі екен деп ойладым.  
Тұтқын құсан тұратын да қоятын,  
Сөйтсем, өзім тұтқыны екем айнаның...

Айна артында қалып қойған қақпанда,  
Кекілді ұлды іздең өтем, таппан да...  
Кекілді ұл мен кездеседі ақылды ұл,  
Айна бетін ақ кебін кеп жапқанда...

# **КОРОЛЬСІЗ ШАХМАТ**

*...Т. Әбдіков екеуміз «Қаламгерге»  
кіріп келсек, Т. Бердияров пен  
М. Мақатаев шахмат ойнап отыр екен.  
Тақтадарына қарасақ, корольдері жоқ...*

**Д. Исабеков**

Жер бетінде Ақ пен Қара соғысы,  
(Ақша үшін болған дейді көбісі...)  
Тоқаш ағам тікті қара тастарды,  
Тақтадағы «қара кісі» – сол кісі...

Басталды ойын.  
Басталды өмір тақтада,  
Мұқағали жүрді алғаш боп пәк бала.  
Тақтада емес алабажақ ақ-қара,  
Тоқаш жүрді «өмір» дейтін соқтада!

Жер бетінде Жан мен Тәннің соғысы,  
(Әйел үшін болған дейді көбісі...)  
Бірін-бірі сағынған-ау қос ақын,  
Дір-дір етіп тасты тіккен қол ұшы...

Қарсыластың жеді Мұқаң королін,  
«Пешкалары» тірі ол кезде әлі оның...  
Тоқаш жеді Мұқаң жақтың королін,  
Мұқанды ол кез қуып жүрген «қара өлім...»

Тоқтады өмір.  
Жалғасты «ойын» әрі қарай,  
Король өтті қанжығасын қандамай...

Өлді король,  
Жердегі осы ойында,  
Тағдырының ақ-қарасын андамай!

Өзі кетті, өлеңі мен аты қап,  
О, қара өлең – королі жоқ шахмат!  
Кеңсай жақта қурады бір жапырақ,  
Өлеңді Өмір түсінбейді – Ақымақ!

## **ҰРЫН**

Бір сағыныш мазалап күнде мені,  
Қызыу кем қызыл тіл күрмеледі...  
Сен қалдырған сақина сарғыш тартып,  
Саусағымда неше жыл үндемеді...

Ауылыңа сарғайып күз келгенде,  
Көзің жасы көлкілдеп іздерге өнгे,  
Қара қыздар мәз болып қапияда,  
Келіншектер назданып бізге ергенде,

Мазалайтын сол іңкәр күнде мені,  
Жалаңаш жел ауылыңа жүр дегені...  
Естай келе жатқанын естіген сон,  
Есігінді жеңген де ілмеп еді...

Сол сағыныш мазалап күнде мені,  
Сұқтағаны, сезімді тілдегені...  
Сары құман қаңсыды қөлеңкеде,  
Сары күшік шәуілдеп іргедегі...

Сағыныштың жанарадан жарығы есіп,  
Мияулаған сияқты мәлін есік...  
Сығалайды жүгінің бұрышынан  
Сарыбалапан балауыз жанып-өшіп...

Бір табысқан ақкудай бір айрылып,  
Қу түлкіні қуады құмай қылық...  
Сары күшіктің енесі сары қанышық  
Садақасын Тәнірден сұрайды ұлып...

Асай көңіл кермеден арқан үзіп,  
Ауылыңа келгенім, қалқа, қызық.  
(Қара тұннің етегін сыйымдадын,  
Балауыздың тіліне бал тамызып...)

Сары Ай ғана таныды тұнде мені,  
(Желге ырғалып ән салған ілгек еді...)  
Сары құман құлады іргедегі,  
Сары күшікке енесі: «Үрме», – деді...



## **ҚҰПИЯ КЕЗДЕСУ**

Бұгін маған құпия сұлу келді,  
Он екіде бір гүлі ашылмаған...  
Түймедақпен етегі бұрулі, өнді,  
Қара тұнмен бояған қасын қалам.

Келді, сосын не істеді дерсіз, білем,  
Қою шайын ұсынды менсіз күрен.  
Құпия деп айттым ғой, көрінбейді,  
Діңкелетті жалғыз сөз «Мен Сізді...»-мен.

Көздерінде жатты аспан төңкеріліп,  
Менің жазу ұстелім жайрап жатқан,  
Жинастырып қойыпты ерте кіріп...  
Есікті де кетерде жайлап жапқан.

Қымылы да біртүрлі кетердегі,  
Сағат тілі – шұнақ қар – секендейді.  
Таныс дауыс тұтқадан естіп тұрмын:  
«Қате тердің нәмірді, бөтен» деді...

Ертең тағы келеді қайта маған,  
Кеше келген, келгенін байқамағам.  
Тerezeden кіретін қонағымды  
Көрем сосын жұмыстан, шайханадан.

Мен үшін де сол дұрыс, ол үшін де,  
Бұлғанар қол бұлғанып жең ішінде...  
Үміттердің үздігін марапаттап,  
Екіжақты қол қойып келісімге...

Кетеміз де қоштасып, мықтымыз ба ал?  
Кездесеміз қайтадан тар көшеде.  
Кім екенін ол жанның ұқтыныздар,  
Мен кіммін – сол мәселе!..

13.09.2016

## **ШАХМАТ ОЙЫНЫ**

Бір құл – састы.

Бір құл – қашты,

Асты,

Тасты:

Токті,

Шашты...

Король – қайда?!

Кім тұрған мінбеде?!

Ферзі – түрмеде!

Мұртын майлап,

Алдыңа сап айдал,

«Тапта!» деп,

Кигізіп керзі етік,

Бір қуды шығарды Ферзі етіп!

Мұнай – мұхит – теңіз!

Жаналғыш – екеу –

Егіз!

Жандайшап – сексен сегіз!

Бір піл – ұндіс,

Бір піл – кәріс,

Бір ат – орыс,

Бір ат – қытай;

Ұлтқа күніне – минус тоқсан тоғыз,

Қыртқа – плюс жұз ұпай!

Ақ – ұтылды,  
Қара – құтырды!

Алшыдан – асығы,  
Алтынды тасыды,  
Мұнайды тасыды...  
Қырт – қарынын сипап тұр,  
Ұлт – басын қасыды...

Миым ашыды,  
Жаным ашыды...

## **ЖӘРКЕННІҢ ІЛБІСІ**

«Айтылған сөз – атылған оқ». Мен де Есенгали агаша бастап, мысық жайлы үш өлең жазған ем. Қызық болсын деп. Сол шабыт үстінде қымызға мас, қызара-бәртіп отырып, қошеметшіл дуга «Енді Жәркен Бөдеш агаша, Темірхан Медетбек көкеше жазамын» деппін... Жазып шықтым. Мынау сол өлең.

Тұқымыңа болайын, Жайыртаудың Ілбісі,  
Сені атқанша қан сисін мылтығымның ұңғысы.  
Аланыңды алдырған ашуыңа болайын,  
Тарғыл-тарғыл жартастың тенбіл-тенбіл тұр-тұсі.

Таққа жапқан Ілбісім, улы көзім түссін деп,  
Атқа жапқан Ілбісім, алабажақ үш сурет.  
Ішігінді төре ілсе дөдегеден салақтап,  
Есік-төрде жатарсың, ала тулак, алақтап!

Нысаналы тулағым, тулат-тулат тұрып кет,  
Үш ағалы таутаным, үш-ақ аттап шығып кет!  
Басқан ізің білінбей, басымыздан қарғып кет,  
Іле Алатауындей, ілбіп-ілбіп, қалғып кет!

Аланды алып қашқан аң, неге кірдің түсіме?  
Баламды алып тастаған – Бикештің кір түсіне!  
Тұқымыңа болайын, Жайыртаудың Ілбісі,  
Алатау мен Сауырдың сағал-сағал қыртысы!

Ілбіс ауды Жайырдан, мен де көптің ішінде,  
Ілбісті ауға қайырған Ібіліспен ісім де!  
Жаутаң-жаутаң мысығым, оятқаны несі екен?  
Таутан ұрлап кетіпті жалғыз үлды түсімде...

*P.S. Көшіп-қонып жүргенде Темірхан көкеше  
жазғанымды мен де жогалтып алдым...*

«*Керегесіне итін сарытты,  
Құрығына құсын саңғытты,  
Туырлығын тілді,  
Ақыры қамалға кірді!*» –

*деп келіп:*

«*Дұшпан қынадай қырылды,  
Мысық тәжсге тығылды...*» –

*болып аяқталатын. Жобасы осылай еді...  
Тауып алып жатсам, жариялауым керек.*



# **БАҚЫТСЫЗДЫҚ**

*(Рудольф Глауманнан)*

Сенің аппақ көйлегіңнен  
Қара дақ пен шаң көрдім.  
Бірақ өктем сөйледің сен,  
Кірпігінді паң кердің!

Қайдан білем, дал болғаным,  
«Сүймепті» деп ұйғардым...  
Сен жүрген жол шаң болғанын,  
Лас болғанын жылдардың...

Сонда ғана бір-ақ білдім,  
Білмей үкім кесіппін!  
Теріс қарап жылап тұрдым,  
Мен де шұрық-тесікпін...

1899

\*\*\*

Тау басында қалың қар сүйк, аппақ,  
Бұлдыр тұман биіктің буы қатты-ақ...  
Жылулық пен сұлұлық мәңгі айқасын,  
Ерітетін жоқ мұзды жуық атап...

Тау басында тап-таза тәні, жаны,  
Жатыр ақ қар, былтырғы бәрі-бәрі...  
Тамашаға – ол әлем сұлу, сұлу,  
Аласаға – ол ғұмыр мағыналы...

Тәкаппарды кете алман таптап, аттап,  
Тәкаппарды кете алман жақтап, ақтап.  
Күнге жақын болса да жібімеген,  
Гүлден алыс болса да аппақ, аппақ...

Біздің күй де бал сезбес уыт сіңіп,  
Күнге жақын болса да сүйт, сынық,  
Бір сезімдер сияқты жақын-жақын,  
Аппақ-аппақ,  
Ескі-ескі,  
Сүйк, сүйк...

*Алматы, 2017*

# **ОЯН, ҚАЗАҚ**

*(Інжіл желісі)*

*/Иұхок – Лейбуш Переумен/*

Қап-қара тұн.  
Күбір-сыбыр.  
Жау кірді  
Біздің қалаға!  
Сақшы сезіп қалды бірақ әлгі үнді,  
Үнсіз қала ма?!

Кернейін ап, бар күшімен ысқырды,  
Дабыл –  
ұрғаны!  
Тірілерді оятып ап күш қылды,  
Мәйіт – тұрмады!

Таласуда ырзық пенен нәсіпке,  
Қиян-кескі әrbіr аула, есікте!  
Кескілесті анасы мен жары үшін,  
Ұлты үшін ұл отты кешті ары үшін!  
Шындық пенен еркіндік деп – қан майдан,  
Өлдік, әйтсе, жендік.  
Сонда қандай мән?!

Әйтеу сақшы дұрыс парыз өтеді,  
Күллі өлке оған басын иіп өтеді!  
Ұйықтамаған жан көтерер дүрмекті,  
Кірпік ілмей өту – парыз, міндетті!  
Ұры-қары үйінде жүр деп кеткен  
Ұлтшылдарға үйіп-төксін құрметті!  
Мәнгілік жаза,  
Мәнгілік мазақ,

Мәңгілік тозақ сол жанға –  
Ұйықтап қалғанға!  
Өзінің арын,  
Дүние-малын,  
Отанын,  
Жарын,  
Шыбын жанын  
Отқа салғанға!



\*\*\*

Кұлып жоқ махаббаттың кілтіне тең,  
Кілт жоқ, махаббаттың құлпы бекем.  
Алыстан хат алысып жеткен жақын,  
Тұр бөтен қол алысып, сырты бөтен...

Бейнеміз, кездеспейміз жанаарға еніп,  
Біз неге бере алмаймыз соларға ерік?  
Күйеміз, іштей жақын сезімдерді  
Сүйеміз, сырты бөтен адам болып...

Мүмкін, бақ келер қолды созбаса көп,  
Жаратқан бізді жырақ боздаса деп...  
Біз содан кездесеміз ауызша ылғи,  
Біз содан қоштасамыз жазбаша тек...

Кездескен күндер біздің – түсім дедім,  
Қоштасқан күндер – күзгі құсым менің...  
Жария жұп болмайды шын ғашықта,  
Жасырын жалғыздық та ішінде оның...

*Алматы, 2018*

## **ЖУСАН ИСІ**

Жусанның исі – жанымның исі аңқыған,  
Бұл иіс, мүмкін, бір өлең шығар, бәлкім, ән!  
Бір жұлдыз ерте туды да қайта кетті ағып,  
Ақ шаңдақ қалды артынан!

Жусанның исі кермек-тін көзім жасындарай,  
Құлаймын бір күн құмарым дерті басылмай.  
Менің ғұмырым жусандай ғана қып-қысқа,  
Бір өлеңімнің аяғы менен басындарай!

Жусанның дәмі өмір сияқты тым ашы,  
Тіршілікпенен тілдесіп тұрмын тұн асты.  
Жанға ешбір ашпас жырларым менен сол тұні  
Жусанға ғана ашылып, жаным сыр ашты...

Кім кешпей жатқан дұние дейсің кім кешіп,  
Тербел тұр бізді Қара Жер дейтін бір бесік!  
Сен менің ертең қеудемнен өсіп шыққанда,  
Тамырың менен қабірім жатсын тілдесіп!

Жусанның исі аңқып тұр қоңыр салқынмен,  
Ей, өмір, өзі тасыңмен қоса алтын ба ең?  
Жусанды жиі иіскей берем тұшынып,  
Біреуді сонда сағынып тұрдым, бәлкім, мен?!

Егілдің, тағдыр ұрып жанға қылыш,  
Мен сені жұбатпадым сонда дұрыс...  
Жанарың – ұлы айдыннан төгілді арман,  
Көңілім – көзің жасы тамған ыдыс.

Сезімнің жүргімнен тұрткені – әмір,  
Сарғайды бізді күте-күткен адыр.  
Жылап ал, женілдейсің, ол женіл ғой,  
Көз жасын сұрткен ауыр, сұрткен ауыр...

Көз жасың... сұртер едім, сұртер едім,  
Қол жетпес, сөйтсем жұлдыз Үркер – оның...  
Зұмрат кірпігіңе желімделіп,  
Тамсауда кермек нұрды үрпек ерін...

Қолдарым дір-дір етіп сұрттім жасын,  
Тамшылар іздең шықты шық-құрдасын.  
«Жылап ал, женілдейсің» дей беріппін,  
Кірпіктің ұшында ауыр жүк түрғасын...

Біз бірге жүргеніміз баққа ұнады,  
Махабbat деген сөзде жатты бәрі!  
Біз бірге қарап тұрдық тұнық көлге,  
Және де қарап тұрдық – пәк, күнәлі!

Махабbat, ұқтым сені енді есім кеп,  
Пешене жазған жырды пендे сұрмек...  
Тұсімде жылап жатқан қызды уатып,  
Жастығым оянамын көл-көсір бол...

## **МЕЗГІЛСІЗ ҚӨКТЕМ**

*(Жарас Сәрсекке)*

Қантарда жаңбыр құйды,  
Мезгілге қайшы есеп тым.  
Тамырын тағдыр қиды  
Алданған бәйшешектің...

Мұздыққа құстар қонды,  
Адасқан аққуларым!..  
Сезімге құштар көлді  
Жұбатшы, гәкку-жарым!

Өріктер гүлдеді – этір,  
Жаңбырға жауған босқа...  
Махабbat бұл не батыр?  
Шара жоқ алданбасқа...

Ғашықтың сықылды әні,  
Жерді Аспан алдады көп...  
Қантарда сықырлады  
Қантарған арба-жүрек...

Ғашықпын мен де, сірә,  
Көз жасын көктен сұрап.  
Аяулым, сен де шыда,  
Бұл, мүмкін, көктем шығар?!

Жаңбырды сел ғып кірген,  
Қантардың тосын мәні...  
Тағдырды енді ұқтый мен  
Ақынның басындағы...

## **МЕҢ**

Кірпігі – гүл, қасы – қыр, жанары – айман,  
Көзіме оттай басылдың анадайдан!  
Сен ертегі шығарсың Күнікейдей,  
Құрастырган мына өмір маған ойдан...

Жапандағы жалғыз үй – меңің қара,  
Қараша үйден шықты ойнап өмір жана.  
Қарағанды – сенікі, алшы, жаным,  
Менің – маған, еншіңе сенің – қала.

Ұшына еккен кім еken сені жардың?  
Елең ете қалсаңшы, елігі әннің.  
Шұңқырына бетіңнің шұғыладан  
Екі мұхит көзіңнен төгіп алдым...

Мендік жүрек – көк шыққан қияқты өртен,  
Махаббат па, қызардың, ұят па, еркем?  
Саған жазған өлең де саған ұқсап,  
Аспанға ұшып кететін сияқты ертен...

Қарағыма, ей, өмір, қайғы ойлатпа,  
Қағаз жүрек жаралған жан ғой баққа...  
Сүйемін деп сүйгем жоқ сені, жаным,  
Күйемін деп көбелек бармайды отқа!

*Қараганды*

\*\*\*

Жүгірмейтін жалғанда жарыстар бар,  
Әр көктем мен дәлелдер әр күз мұны...  
Теңізде де ағыс бар арыстан жал,  
Егіздің де болады жалғыздығы...

Алсаң досты достық па өкпелетіп?  
Қасты осал деп қастық па көріп қалу?  
Тарих деген – бір қыстық көктем етіп,  
Зағип деген – бір тұсті толық тану...

Сағаты екен – уақыттың шексіздігі,  
Қанаты екен биігі – құстың алыс.  
Сылтау деген – адамның епсіздігі,  
Мылқау деген, әйтпесе, ішкі дауыс.

Ақық тасқа жараспас көмкерілген,  
Бақыт баста тұрганда құнсыз тіпті...  
Терен деген – биік-ау төңкерілген,  
Керен деген – есіту ұнсіздікті!

Қараганды, 2016

## **ЭЛЕГИЯ**

*(Михаил Анищенкодан)*

Адасқан бала жел зорығып, жас әлі,  
Қамыста тұнімен сотқарлық жасады...  
Жел соқса, қуанам, өйткені ол – дауыл  
Жанымды әлі де жүлқылай қашады...

Адаспай келемін, алыста – жол түбі,  
Көріпкел емеспін, түзетпен олқыны!  
Мен сәтті көйлекте туғанмын әуелде,  
(Сен өзің аймалап, шешетін сол тұні...)

Ал бүгін иесіз, шамсыз үй жанында,  
Отырмын ұрыдай, зәру боп жалынға!  
Кезінде дәл мені сүйгендей сүйетін  
Адамың бар екен жанында...

Барлығы тамаша.  
Жоқ үрей, қорқыныш,  
Колынды бұлғадың алыстан...  
(Сол тыныш).  
Әлгі көк көйлекті сендердің бақшада,  
Қарақшы киіп тұр.  
О, неге толқыды іш?..

\*\*\*

Мына күз біртүрлі, мына күз қияли,  
Жаз еді... құптанда, ана ауыл қыр аса...  
Жоқ мана ақжарқын ақсуат-құдағи,  
Суыған көзімше... сүмбіле-құдаша.

Арманшыл, кінәмшіл, сабырсыз, көңілшек,  
Бұл күзге жолдаспын, басқа жоқ жаны ымдас...  
Ұнайды демеппін қыркүйек-келіншек,  
Жылайды демеппін қолшатыр-қарындас.

Күзгі әскер ак ұлпа – шық түсер ой көктен,  
Жайлауда үй жығылды, бере алмай тойтарыс...  
Биялай киіпті өріктал-бойжеткен,  
Бәкебай тоқыпты өрмекші-бейтаныс.

Көрсетпей шаттықты, көрсетпей қайғыны,  
Осы күз – данышпан, осы күз – ақымак...  
Көзге ілмей өтеді қараша-қайны іні,  
Көз ілмей шығады жеңеше-жапырақ.

## **ФАСЫР ДИАЛОГЫ**

*XIX ғасырдың аяғына таман «ақ адамдар»  
Калифорниядағы қасапханалардың бірінің  
маңынан әлдебір аш үндіске кезігеді. Кім екенін  
сұраганда, үндіс «Киши» (адам) деп жауап  
(біздің «кісі» деген сөзben салыстырыңыз)  
беріпті.*

**«Адаммын!» – деп жауап берді Ол Оған,  
Қасапхананың қасында.  
Асқан жауап жоқ одан!**

**XIX ғасырда!  
Ян тайпасының соңғысы,  
Қара-ала ұзын қауырсыны бар басында!**

**Адам-тын, рас, ол – кісі,  
Ажыратқан жоқ шын әлі...  
Адам ба, аң ба, басында**

**Аш үндістен ақ нәсілді сұрады:  
«Кімсің?» – деп.  
Мысқыл ма, үрей, ашу ма?**

**Аш үндіске ақ нәсілді күлсін кеп...  
Калифорнияның қасында,  
Ацтек тайпасының атының тұяғы дүрсілдеп...**

**XXI ғасыр.  
Қара-ала үлкен шляпасы бар басында,  
Ақ нәсілдіден сұрадым:**

«Кімсін, – деп, – осы расында?»

Жауап таппай тұр әлі

Қасапхананың қасында...

Таусылып өмір-бұлағы,

Ақ нәсілдінің қабірінің тұрдым басында!

«Human»<sup>2</sup> деп жазған

Жазуға қарап...

Көктасында...

---

<sup>2</sup> human – адам

## **БӨТЕН**

Мал өрістен келетін жамырасып,  
Қой бөлуге шығамыз адыр асып.  
Бөтен үйге кететін қозы-лақтар,  
Бері қашып, бірсек әрі қашып.

Балалық шақ қалайды алданбақты,  
Әлі қуып келеміз сол қаңбақты.  
Еркелетіп, көтеріп әкелеміз  
Енесінен адасып қалған лақты.

Бөтен іздең көп барам көршіге мен,  
«Адасқан лақ, көрші үйде болшы...» дер ем.  
Көйлегі аппак көрші қыз есік ашты,  
Сол шын сезім еді ғой, сол – шын өлең!..

Жылдар өтті. Өзім де сан адастым,  
Саған аштым сырымды, оған аштым...  
Бізді ауылға ешкім кеп әкеткен жок,  
Қамын ойлап кеттік те қара бастың...

Бөтен іздеу ұнайды өте маған,  
«Бөтен іздең кел» деді шекер анам.  
«Бөтен бар ма?» деп едім көрші үйге кеп,  
Есік ашты бөтен қыз – бөтен адам...

\*\*\*

Сенім үшін құямын, кімде кегім?  
Сезім үшін ішемін, тағы да құй!..  
Сүйем деді керең қыз, ұн демедім,  
Күйем деді көбелек, жаныма құй!..

Біздің көлік – зырлаған жылдар ағып,  
Тағдыр қылдан тая ма тең болса етік?!  
Бір соқырдың жанарын ұрлап алып,  
Бір шопырға келемін жол көрсетіп...

Шопыр айтты: «Сүйгенмін жанып-өшіп.  
Керең тұғын ол Ару», – деді кенет!  
Менің соқыр көбелек жаным есіп,  
Жалт қарады тағдырға жолы бөлек!..

*Қараганды, 2017*

# **АҚСҰҢҚАР ҚҰСТЫҢ БІР ЖЫРЫ**

*(Серік Ақсұңқарұлына)*

Қанат берді Алла Қуға да – құстың,  
Шілге де – құстың қанатын!  
Отқа да түстім, суга да түстім,  
Қанатым талды қаға тым...

Ақиқат – Көкте,  
Соны да ұқпады әлі,  
Көңіл – сыз,  
Достан,  
Қастан да!  
Адамның жаны сондықтан әрі  
Кетеді ұшып аспанға!

Сұңқардың соры – қырағылығы,  
Ілгені маржан-балықты...  
Қарғаның бағы – сірә, қылышы –  
Сатқаны – мағжан-халықты...

Арабтар мені түсірмей бағып,  
Бағалап, төрден берді орын.  
Алашым ғана түсінбей ғаріп,  
Түсінбей мәнін мен де оның...

Ақын да мендей іштің жарасын  
Жасырып өлер, шамасы...  
Түсінбеген соң Құстың баласын  
Жердегі Иттің баласы!

\*\*\*

Кешірші, жанған отты сөндірсем көп,  
Көңілім – көзің жасы – толдың шөлмек.  
Арманға биік-биік біз ұмтылған  
Түсіндім жетпейтінін қолдың сермеп...

Кешірші, хабарласпай кетсем мұлде,  
Азапты азап дер ме ең – шексең күнде...  
Ғажапты ғажап дер ме күнде көрген,  
Шашылып тұрған дұрыс текшең бірде...

Кешірші, сезімінді жетім қылсам,  
Білемін, өкінемін, өкіндір сан...  
Қарасыз ақты ақ деп бағалар ма ек,  
Шарасыз, бармағымның етін қыршам...

Әрине, бірге жүрсек тамаша әр күн,  
Бірақ бұл қағидадан әрі асар кім?  
Биікті биік дер ме ек төмен жоқта,  
Сен биік ұшса екен деп аласардым.

Суықты суық дер ме күймеген қол,  
Махаббат тәтті десе – сүймеген де ол!  
Жақынның қадірін біл деді ме екен  
Сондағы сені алысқа сүйреген жол?..

## **МЕҢ**

*(Екінші өлең)*

Ақша бетің, апыр-ау, шағыл жазық,  
Ақ шалғылға тастаған Тәнір қазып,  
Каракөл бар шағылдың шұңқырында,  
Қара мең бар, суаты өмірге азық.

Мен дедім бе, жоқ, оны түйме дедім,  
Сайға тыққан бұлдірген, сүйген ерін.  
Қара мең бар шағылдың шұңқырында,  
Орындың ошақтың тиген орын...

Ақша жүзің... Ақ шешем кимешегін  
Ақ сандыққа салғандай күй кешемін.  
Қара меңің – Баянның аманатын,  
Шағылда Айбас жоғалтқан түймесі оның...

Бала меңің – Баянның аманаты, ұқ,  
Қозыға Айбас жоғалтқан бара жатып...  
Түсіп қалған сол түйме – меңің қара,  
Тауып алған сезімім – менің бала,  
Жараспасын біледі саған ақық!

Алып келген базардан қара барқыт,  
Қара меңнен қалампыр жамал аңқып...  
Бұлай мадақ жазуға құқық та жоқ,  
Құдай қарап тұрғанда саған артық!..

## **ПАНДУС**

Міне, нағыз махаббат!  
Жырла, жүрек-шакалак...  
Пандустарды қуалай  
Екі із көрдім жоталап:

Бірінші ізді арбаның  
Дөңгелегі салыпты.  
Екіншісі таңбаның  
Бәтеңкеден қалыпты!

# **БЕС ШАҚЫРЫМ**

*(Maқпал Жұнісовага)*

Теректі,  
Қырықжылдық,  
Қызылшілік,  
Шалғайсың, қысың қатал, күзің сұық.  
Тізгін жок, құр тебінем қарагерді,  
Келемін, кетіп барам – ізім сұыт...

Тас жолға таға тиіп тақылдаған,  
Тақылдан ән естір ме ақылды адам?  
Шарықты, ал қайдасың, шалғайдасың,  
Шашылып ойда-қырда жатыр далам...

«Мақпалдың ауылында алтын бар» деп,  
Алыстан артынған көп, тартынған көп.  
Алтын көрсे періште жолдан тайған,  
Мазаласын не түрлі ой әркімді ал кеп!

Дауысы сол апамның алтын қорда,  
Даласы сол апамның – алтын қамба...  
Қадірін кеш түсіндік заманында,  
Қадірсіз болады екен наркың қолда!

Күйеу кеп алтын қыздың ауылына,  
Жұмыстың бел шешкен-тін ауырына...  
«Тас жол төсеп беремін» деді күйеу,  
Қара жолдың көз қадап жауырына...

Бес шақырым төседі, төсемеді,  
Үміт те шорт кесілді, қоса өлгені...  
Айырды айыруда Алтынынан,  
Тұсініп жатыр бірақ осы ел нені?!

Шөптікөл кеткен қазір қияқтанып,  
Көлбасы лайланған, тұяқ малып...  
«Заманның» тас жолы да кілт тоқтаған,  
Адамның қысқа өмірі сияқтанып!

## **ДИДАКТИКАЛЫҚ САРЫН**

Дұр екен, жөн, көкеміз,  
Пышақты аңыз етеміз;  
Дұрді туған халық-ты,  
Пышақ пірі – шарық-ты.

Ойнамадым бала боп,  
Ойланамын, «дана» көп...  
«Отан» дейтін ата жоқ,  
«Ботам» дейтін ана жоқ!

Алатау да – бір тәбе,  
Қаратай да – бір тәбе.  
Тағдырларын биіктің  
Қалай шешті күлтөбе?

Саул жүкте кемелге,  
Әділ шешсе егер де:  
Аққу неге кетті ұшып?  
Қарға қалды неге елде?

Тауық та – құс, шоқыған,  
Қыран да – құс, білемін.  
Түсімде орда отырам,  
Өнімде өрде жүремін...

Ақ жартастан балапан  
Ақиық боп тұледі.  
Шұбар жартас – о да Отан,  
Шұбар ма екен жүрегі?

Шөңкеде – жем, жеп арық,  
Шөркеде – бас, шапшы, қан.  
«Тұым біреу» деп алып,  
«Рұым бәлек» деп шығам:

Менің жауым іргеде,  
Мемлекетім – бірдеме.  
Құрған адам – тұрмеде...  
Құртқан адам – мінбеде!

\*\*\*

Ұннattyм танымас адамды,  
Жыллаттым жақынды жек көріп.  
Өлілер достарым боп алды,  
Тірілер дұшпаным, жоқ делік.

Кітапты бастадым артынан,  
Әмірді өткіздім сүрем деп.  
Миымда, негізі, жарты қан,  
«Қаны аз» деп доғдырым жүр емдеп...

Кіріне үшкілсіз жағамның  
Бес күнсіз жалғаннның еті өлді.  
Немірін кеше өлген ағамның  
Теріп ем, басқа ерек көтерді...

Кездестім кетерде, уәделі,  
Қоштастым келерде, басында.  
Доғдырдың жазуы әдемі  
Тағдырдың жазуы қасында...

16.11.2016

\*\*\*

Алатын тұғім жоқ демеулік,  
Беретін тұғім жоқ баю үшін.  
Мен Сізден қол алам, шенеунік,  
Мен Сізге жол берем, қайыршым.

Келіңіз, қол берем, жауыр түк,  
Барыңыз, мен Сізге жол берем.  
Тым қатты қыспаңыз ауыртып,  
Тым ұзақ өтпеніз көлденен.

Ақынға Құдайдай сеніңіз,  
Жырына Құрандай наныңыз.  
Сіз мадам-қолдарды беріңіз,  
Дуэлянт-жолдарды алыңыз.

Мен Сізге қол берем, ішпеймін,  
Жол берем, сыйлықтан бас тартам.  
Сіз қойған шарттарды істеймін,  
Төбелес ашпаймын тас-талқан.

Қол берем, қасыма келіңіз,  
Жол берем, бұл жерден кетіңіз.  
Сальери-қолдарды беріңіз,  
Дантеске берген жол, өтіңіз.

11.01.2017

## **НАУРЫЗ ЖЫРЫ**

Күнге сәлем бердің бе, көшпелі жұрт,  
Көлігіне қос артты кестелі бұлт.  
Дүбіраяқ дүрліккен дүниеге  
Түйіншектен шашылды дестелі мұлік.

Самарқанның көк тасы – көнілшек мұз,  
Енді жеткен жыл құсы – еріншек қыз.  
Он үш жасар Алаша отауға еніп,  
Көкжиектен көк түрік көрінсек – біз.

Екі өркеші ойсылдың – Ай менен Күн,  
Төбесінен қарғиды тай көгеннің.  
Қырау көйлек женінен сығалайды  
Айқыш-ұйқыш теңелген бай менен күң...

Шаңырақты-Күн-Ие уығы – нұр,  
Үрсе үсітпес құралай суығын үр.  
Тақырға асық тігіліп қонқар қырда,  
Алтыбақан аузында қу үні жыр!

Өлі шөптің мұрдесін өртенге үйіп,  
Сал-сал қымыл ат ауып, серпер ме иық?  
Балбал тастың бетіне құлқі үйіріліп,  
Саумал қымыз сарқытын ертең құйып...

Мыңжылдықтың мұрасын артып ұлыс,  
Күнге сәлем береді қартым – ырыс.  
Қонақ келсе ақ әже абдыраған,  
Әбдіреден алдырып алты пұліш...

Сері түскен үй әнді қыр асырап,  
Қасат қардың үрпісі гүл ашылар.  
Ұнға тыққан телшікті Ұмай асып,  
Қынға тыққан қылышты ұл асынар!

Ұлы мейрам басталып көшпелі елде,  
Көкпар тартып жатады дос дөненде.  
Ескен самал ұқсайды еспегенге,  
Кешкен жалған ұқсайды кешпегенге!

# ТӘҢІРСЫЙ

(*Тоқтар Әубәкіровке*)

Күлтегіннің  
Азбан Ағын ұшырып,  
Боз қанаты құс іліп,  
Көкке самғап бара жатты  
Баһадұр,  
Көк Түркіннің  
көк сұңгісін ұсынып!

Қыраннан да биік ұшты жоғары,  
Туған Жерін сүйіп ұшты.  
Сол – Ары!  
Ауызында Ұлы Абайдың сол әні,  
(Туған Жердің қасиетін  
әлі ешкім  
Сендей ұққан жоқ әлі!)

Сен ұшқанда құс қанаты  
сөгілер,  
Сен – ителгі,  
тепкен қазын дәп ілер,  
Сен – қаршыға,  
қанағатсыз көп ілер,  
Сен Ғарышқа ұшқан кезде  
көкшулан,  
Көкке қарап неге ұлыды  
бөрілер?!

Сен алыстан  
Тоғжаныма тіл қаттың,  
Сен ғарышқа жүрек үнін  
тындалттың!  
Сардар аға!  
Алтын Құнгे тура ақтың,  
Тоқтар аға!  
Күміс Айға ту қақтың!

Сеңкібайдың сауытына  
сыймаған,  
Көздеген жау дәл атуға қимаған,  
Құн түбіне жортып кетті  
Баһадүр,  
Ай түбіне жортып,  
айыл жимаған!

Алаш рухын арқала, аға!  
Көк тер боп,  
Алаш туын арқала, аға!  
(Көкпар көп...)  
Көк бөрілер ұлыған Көк Тәнірge  
Көк Түркілер бара жатыр  
Тоқтар боп!

\*\*\*

Тұлғаға айнала алмай тұғыры емен,  
Өтуде күндер зулап ғұмыр ерен...  
Кете алмай өз ұлтымды айналсоқтап,  
Жете алмай өз жүрегім түбіне мен...

Келемін елдің туын ұстамай тік,  
Жүремін берген жолмен дүшпан айтып...  
Жөнкуде жылы жаққа жылпос, жакұт,  
Кететін жыл құсындаі қыста қайтып...

Кездігін тамағыма таман кенеп,  
Ездігін ерлік қылды жаман кенет!  
Тортасын солар жепті қазынаның,  
Малтасын мен езіппін, маған не жок?

Жоқ Оған бұл қазақтай тегін тұтқын,  
Кенениң дегенім бос кегін тұттым...  
Қазанның дауысына да мен телмендеп,  
Азанның дауысына да мен үркіппін...

Біздікі – кейде мақтан, бақас қылық,  
Қаншықпен бұралқы ойым отасты ұлып...  
Ұлдан құл ұпайы асса – менің кінәм,  
Ұлт қамын ұрт қамымен шатастырып...

2018

## **ҰМАЙ АНАНЫҢ ЖЫРЫ**

Қан жұмып туған қолымды бермедім,  
Іргеміз сөгілер еді...

Қан жұтып жатқан елімді көрmedім,  
Көз жасым төгілер еді...

Ұлым уызымды тауыса алмай,  
Орысқа омырауымды еміздім.  
Қызым құнан қойды тауыса алмай,  
Қытайға қалжамды жегіздім!

Кәріске кәрімді шашпадым,  
Жөйтті жолынан тоспадым.  
Қарақорымды құрақ қып төседім,  
Басыма балбал жастадым!

Ала сөлдеге азан шақырттым,  
Ұлымның ұйқысын құзеттім.  
Қара шекпенге қазан төңкерттім,  
Қызымның құлкісін құзеттім.

Алтын киген ұлдарымды оятты,  
Алтынымды ал, адам қалсын дедім.  
Жалын түйген жиренімді оятты,  
Тұлпарымды емес, тағамды алсын дедім!

Қорымымды іздең қырларымды оятты,  
Күйеуім емес, ағам қалсын дедім.  
Жорығымды іздең жырларымды оятты,  
Бірлігімді емес, баламды алсын дедім!  
Далам қалсын дедім!

## **САЯСИ АСТАРЫ ЖОҚ БІР МЫСАЛ**

Пышақтың шығарды атын қайрақ досы,  
Себепкер жарқ-жүркө еткен айбатқа осы!  
Біз-дағы бір мысалды баяндайық,  
Өмірдің бос келмесін тайлақ көші...

Зор пышақ турамаған нән қалматты,  
Шіркін-ау, жалаң етсе-ақ, қан қарматты.  
Турапты жаудың тіліп туырлығын,  
Қанды ауыз деген атты сонда орнатты.

Малды мал дейтін емес, жаусатты, іре,  
Кесілді қарсы келген саусақ түге.  
Кеседі қолға тисе-ақ, тимей жатып,  
Жүзіне лайық сосын дәу сап, міне!

Өткірлік хандығына патша болып,  
Маңайын қанмен келген ақша көміп,  
Өткір боп өзі туған сияқты ойлар,  
Басына тұрса келіп, жатса келіп...

Ұмытқан хан сықылды халықты бір,  
Санады есер пышақ шарықты құл!  
Жүзіне қарсы келген қасап болып,  
Нақақтың қаны судай ағып ғұмыр...

Қой ғана көтереді-ау семіздікті,  
Бір күні әлгі пышақ «нағыз мықты»,  
Бауыздап қайрақты да өлтірем деп,  
Ойына тастатты қу тамыздықты...

Кайрақты кесе-кесе мұқалыпты,  
Бұрынғы жүз қайда енді, жұқа, бітті...  
«Өтпес пышақ қол кесер», күресінге ат!  
Жас кездік орып жатты бұқа-алыпты.

## **BABY BOX**

Өмір деген –  
қызыл-жасыл, сары ала...  
Һәм қара ала.  
Бір жәшікте – «Хайуанаттар әлемі»,  
Бір жәшікте – шарана!

Сенің әкең көккүтан-ау, құлыным,  
Сенің анаң көкек шығар, шыбыным!  
Әкең менен шешең қазір келеді,  
Бұза алса егер ережелер құлыбын!

Ешкімге есік ашпандаршы, өтінем,  
Бес күнге енді шыдау керек бекіген,  
Бес ешкіні бақтым жалған – даусым зор,  
Бәрі қасқыр шетінен!

Көкек-ана – шашы қызыл, қасы көк,  
Бәтен ана – байы жоқ һәм басы жоқ!  
Үйде отырып жүкті болған бөлесін  
Далаға әкеп тастайтыны – қасірет!

Ей, Періште! Көкте сенің мекенің,  
Көкең сенің, көкте сенің көкегің!  
Қоқыстағы сәбілер  
Көріп ұшты  
Өмірдің боқ екенін!

## **КҮЗ... КҮЗ...**

Күз, неге ауланы шашасыз?  
Сіз кетіп қалды деп бұл дүние тоқтар ма?  
Сіз неге еңсені басасыз,  
Обал ғой жас қызға, жап-жасыл бақтарға...

Сіз үшін биені ағыттық,  
Сары ожау қымыздың сарғайып рені.  
Сіз үшін бұлдірген ағып тұп,  
Жас қыздың қып-қызыл жүрегі, жүрегі...

Сары гүл бірдене сезген де...  
Құстардың көліне ендігі кім ие?  
Сары өрік өлшеген безбенде  
Бәрі өліп жатқандай, дүние, дүние...

Сіз неге өзімшіл мезгілсіз,  
Куратып гүлдерді, тулатып жанымды...  
Жасырын қоңырау шалған да, сездім, Сіз!  
Мендегі тексеріп төзімді, сабырды...

Бояпсыз сарыға гүлдерді,  
Уайым түсі ғой (ұнамас қызға анық).  
Сізге осы суреттен кім берді?  
Мен оны өтемін қызғанып, қызғанып...

*2011*

## **АУЫШ**

«Ғайникештің жары өліпті...» деді жұрт,  
Бір сұмдық ой басып алды мені күрт...  
Көкіректі кеулей берді жегі құрт,  
Нені біліп даурығады ел, нені ұғып?

Еститінбіз Съезбегін ауыш деп,  
Елестейтін Ғайникеші таусыс бол.  
Таусыс демей,  
ертелі-кеш көйлегін  
Ауыстыра беретұғын әдістеп...

Қайтарам деп Съебектің ес-түсін,  
Көллектердің киді жаңа, ескісін!  
Ақ көйлегін киді құлқын сәріде,  
Жай көйлегін,  
шай көйлегін  
(кешкісін...)

Кие берді қамзол, қынай белді де,  
Съебекке ес кірмеді... енді не?  
Киді Ғайни көктем, жазды барқытта,  
Бір құдікпен қарады жұрт шерліге!

Таусыс құсан құлпырады күніге,  
Ауыш бірақ өлі ме, әлде тірі ме?  
Сұр шарбакқа сүйенетін міз бақпай,  
Мың қөллектің қараған жоқ біріне!

Өлді Съез бір ауыз тіл қатпастан,  
Көзін жұмды, мұнды тарих – хат-дастан!

Мөңіреді қысыр қалған көк сиыр,  
Пышақ жатты жүзін қоңыр tot басқан...

Ғайни неше көйлек киді кейін де,  
Көйлегіне назарыңды бейімде...  
Өзі ауысып кеткендігін білмейді Ол,  
Шоқ салам деп зейінге!..

\*\*\*

Баламыз.

Ауыл кеші.

Ақшам.

Іңір.

Сынық шам төгеді үйге сап-сары нұр.

Сол шамның түбіне кеп сабак оқып

Отырған бала қайда, шап-шағын ұл?

Бал күндер қайда сол бір кешегі ертек?

Ананы ығыр қылып неше тентек...

Бір күні бетімізді теміреткі ап,

Жақты ана қағаз майын кесеге өртеп.

Ата-ана – көрген жандар көнені көп,

Қазақша бізді емдеді, сол емі дәп.

Өмірді мойындайтын бала ма онда,

Темірді қағаз қалай жеңеді деп?

Жылаймыз, удай ашып бет-қолымыз,

Ертеңі-ақ бал-бұл жайнап кетті өніміз.

Анаға сонда-дағы ашулымыз,

Қағазға сонда-дағы өкпеліміз.

Ержетіп, кейін талай белесті астық,

Сол қағаз күшімен сан кенесті аштық.

Темірдей сол қағазды қару қылып,

Кемірдік сол қағазды – жеместі ас қып.

Көзге ілмес қағаз бенен құт сияны,

Ержеткен кешегі ерке – шыт зиялы,

Өзінің майын берген сол қағазға

Көзінің майын таусып шүқшияды.

# **ЖОҚТАУ**

*(Әмірхан Балқыбекке)*

Мандайыңнан сүйейін деп едім,  
Сұп-сұық тасты өптім.  
Масайрап күлейін деп едім,  
Ып-ыстық жас тәктім...  
Суық тас – сілейген балбал екен,  
Ыстық жас – мөлдір арман екен...

Ер-тоқымын бауырына ап ат келді,  
Есі кірген ұл жебесін қақ бөлді...  
Төрдегі бәйбіше қара жамылды,  
Тоқалы естіртушіге тап берді!..

Күңнің басқан наны көтерілмеді,  
Күл көк қаншығын май беріп атты...  
Арқа маусымнан кете гүлдеді,  
Алтай қары он ай бойы жатты...

Жетім қозы оттығып жетілер,  
Жетім көнілді қайтем?!  
Жетім лақ тас-тасқа секірер,  
Жетім қорымды қайтем?!

Басыңа балбал тас та қойылар,  
Жылында аста-төк ас та берілер.  
Құлын тастаған құлық та сойылар,  
Ұшы-қиыры жоқ қос та тігілер...

Жетім көнілді қайтем?!

# **СОҢҒЫ РАУШАН**

*...мен сыйлаған соңғы гүлді  
досымның үйінде ұмытып кеттіпіз.*

***Күнделігімнен***

Соңғы раушан... сен ұмытып кеткен гүл,  
терезеде қалды өліп...  
Ал көшеде біздер күткен көктем жүр,  
өлеңдерім ән болып...

Соңғы раушан – құрбандығы уақыттың,  
біз де сендей жүдедік.  
Сабағында нәзіктігі бақыттың,  
қауызында жыр өліп.

Соңғы раушан үйіндегі досымның,  
қап-қара боп тұр дейді.  
Тағдырымның суретінен шошындым,  
ол енді өмір сүрмейді...

Жанарына татымайды сол гүлім,  
неменеге сыйлағам?  
Ұқсамасын сол раушанға өмірің,  
мен сол үшін қиналадам!

Соңғы раушан – жүрегімнің болмысын  
сыйлап едім, қуандың.  
Жазылған жоқ бірақ жырдың соңғысы,  
раушан ғана қуарды...

Сол бөлмеде солып қалды соңғы гүл,  
қауыздары қарашиқтай қап-қара!  
Содан бері жаза алмадым онды жыр,  
соңғы жазған хат қана...

Соңғы раушан – сезімімнің нұктесі,  
сол бөлмеде қалды әні.  
Енді менен гүлдей сезім күтпеші,  
мені раушан қарғады!

P.S. Соңғы раушан...  
сен ұмытып кеткен гүл,  
терезеде қалды өліп...  
Ал көшеде біздер күткен көктем жүр,  
өлеңдерім ән болып...

## **АҒАШ АДАМ**

*(Аспазиядан)*

Қолдарымды кесіп таста, бәрібір,  
Кестің, өстім. Мен – ағашпын. Жаны – гүл.  
Дауыл басты екі иіннен, иықтан,  
Тағдырыма құліп тұрдым миықтан.  
Жапырағымды бұршақ келіп сабады,  
Жапырақтың шуылы ғой – жаз әні!  
Құрғақшылық келді досы қаңбақтын,  
Көлеңкемді таса қылышп жан бақтым...  
Қоңыр күздің қолы жұлды шашымды әр,  
Көктем келсін, құлпырамын, тосындар!  
Қолдарыңа балта алындар тым өткір,  
Содан кейін тамырыма ұр, жүрекке ұр!  
Кейде мәңгі өле алмау да – қасірет,  
Шіріндімнен бұтақ шықты, басы көк!..

*1910-2014*

\*\*\*

Сұлулықтың сүр қанжары өтті осып,  
Өзегімнен көрік алды от кесіп...  
Босағада жатқан құмай боп шықты,  
Қособада күткен тағдыр көп тосып...

Сұлулық та басқа салған тағдыр-ау,  
Ақ тамаққа таққан алқа таң қырау,  
Мүмкін, елес кезіктірген мен – Мәжнұн,  
Мүмкін емес Ләйлә-жүрек жанға ұнау!..

Көкірек көз көрмеп еді шын сүйіп,  
Сүмбіл шаштың астары асыл сүрша иық,  
Еңлік гүлді елестетіп шығады  
Тана көзден тамып кеткен тұн сұйық...

Сұлулыққа жайған құшақ ақ желкен,  
Жауқазын гүл, өніп шыққан жанға өртен,  
Баян тірі екендігін білмейді,  
Қозы жырын қоздатпайын мен де, еркем...

\*\*\*

Қартайғанда кездесті емен қынмен,  
Шебер келіп шапты ағашты түйіннен;  
Бір бұтағы табыт болды сұп-сұық,  
Бір бұтағы бесік болды иілген.

Тұнеу жылы бұзып ескі қорымды,  
Кірпішінен сәнді кеңсе соғылды;  
Бәрі ескі, бәрі жаңа қоғамның  
Іші мұнды, сырты неге көнілді?

Және ойыншық шашылмаған үйге ендім,  
Ендім, қызық, екі ұдай бір сый көрдім;  
Батыр Әке – боқтағанның көбісі,  
Батыр Ана – көбі келіп сүйгеннің...

Бесті айғырға, сүтін емген сиырдың,  
Бар тағдыры байлаулы енді үйірдің...  
Қамбар сүйек, Зенгі сүтті құтпанды  
Соярмын-ау, қай піріме сыйындым?

09.01.2017

## **ЖАЛҒАН. АҚТАЛУ**

Жан екен дедіңіз бе жақұтқа ырза,  
Келем деп неге алдайсыз, бақыт-мырза?  
Қашанғы сізді күтіп тұрсын дейсіз,  
Кірпіктің ұшындағы уақыт-құлжа...

Сіз қайда жоғалдыңыз, сезім-женге?  
Жоқ, әлде көшкенсіз бе өзің келге?..  
Батуға шақ қалушы ек балықшы-ойлар,  
Тенселіп барып-барып көзің – көлге...

Сіз қайдан тап болдыңыз, жалғыздық-шал?  
Қарттыққа қатты ұқсайсыз жалбызды ықтар.  
Шай емес, шарап ішсек қайтеді осы,  
Жоспарды біреу құрған ал бұздық сәл...

Сіз қайда асықтыңыз, махаббат-қызы?  
Құдаша десе кімді атамақпыш?  
Жасыңыз он тоғызда еді-ау сонда,  
Жасылын жайлауымның отады-ақ күз...

Өзіңсің асаба-акыл түнекке елші,  
Құдаша, кетпей тұрып тілек берші!  
Бірді айтып, бірге кетем осы қазір,  
Түнде есік қаққан сіз бе, жүрек-көрші?!.

*03.08.2016*

## **КӨКЖАЛ ҚАЗАҚ ДАНИЯР**

Сақ бабаңың алтын бопты киімі,  
Ғұн бабаңың алтын бопты бұйымы.  
Алтын бізге таңсық емес,  
мәселе –  
Сенің шыққан тұғырыңың биігі!  
Алтын жүрек Данияр!

Алтын бізді апартампты баққа алып,  
«Алтын, күміс тас екен» деп жаттадық.  
Алтын алған кешегі орыс, мысалы,  
Алтын Ордам табанында жатты, анық.  
Болат білек Данияр!

Алтынға құл болған емен салтымда,  
Артымда ұл  
қалса алтын, сол – тұлға!  
Бұл жерде де алтында емес мәселе,  
Елұраның Алашымның ал тында!  
Әр, нар ғажап Данияр!

Бүктеп соққан оғландарды талай тік,  
Халқынды алтын қойдың тіпті зорайтып!  
Қойынына алтын тыққан әлем тұр,  
Мойыныңа алтын таққан сені айтып!  
Көкжал қазақ Данияр!

*17.08.2016*

## **ДЖОКОНДА**

Сурет сыры ашылған жоқ әлі де,  
Мұнша ғасыр ашылмауы мәні не?  
Жылап тұра бермекші ме мәңгілік,  
Күліп тұра бермекші ме бәріңе?!

Мона Лиза – уақыттың жұмбағы,  
«Ішімдегін тап» дегендей тұрғаны...  
Баласы өлген әйел дейді біреулер,  
Тауқыметтің батқан дейді тырнағы...

Жалт қаратқан жалғыз ғана бейне елді,  
Суретшінің өз анасы дейді енді!..  
Мына өмір де Мона Лиза сияқты,  
Кейде ұсқынсыз көрінеді, кейде өнді!..

Пенделердің есін алған сұрақ бұл,  
Сонша қын сынақ емес бірак бір:  
Мона Лиза – Леонардоның өз түрі,  
Тағдырына күліп, мүмкін...  
жылап тұр?!..

Біздің жауап жік қылмасын елді екі,  
Мона Лиза – Пайғамбардың келбеті...  
Көмуге ынтық болған сол бір дидарды  
Көруге ынтық енді неге Жер беті?!

## **ҰНСІЗДІК**

Бақтыға көктем гүлдемей кетті,  
Көмейдегі өксік – тығынды ән...  
Бақтыға көктем үнделмей кепті,  
Сен үнсіз туғандығынан...

Қызықты не бар өмірде мына,  
Ойыннан басқа балаға?  
Шашылып гүл мен көңілге шұға,  
Шығамыз шулап далаға.

Балалық шақтың елесі елдегі  
Көз алдымың арбап көштім мен.  
Әлең жазып жүр демесең мені,  
Сөйлескен жоқпын ешкіммен...

Кешігіп келген көктем мен жаз-ды,  
Сен емес келген кешігіп!..  
Әмірге деген өкпен мен назды  
Көзіңмен айтшы, шешіліп.

Үйіміз бе, әлде тағдыр ма көрші,  
Тұратын қатар екеуі.  
Жанарың жасын жаңбырға берші,  
Сол болсын сөздің өтеуі!

Көнілді құлқің, жұбатып өнің,  
Сөйлейтін шолпың, сырғаң да.  
Сен үнсіз тыңдал тұратын едің,  
Мен әлең оқып тұрғанда...

Егіз-ау, сірә, сезім мен төзім,  
Тұтанып бірде, бірде өшіп.  
Түндерде, мүмкін, өзіңмен өзің  
Жатасың ба еken тілдесіп?!

Тағдырдың аңы ғазалы, дәмі,  
Не етесің жалған бес күнге?!

Бәлкім, Ол да өлең жазады-дағы,  
Оқыған емес ешкімге!

Ауылым алыс, ақылшым бөтен,  
Кімге айта берем сырымды?  
Үндемей оқып отырсың ба еken  
Үндемей жазған жырымды?..

Үндемей мәңгі қыз-әлем кепті,  
Белгісіз жұмбақ не еkenі?  
Өмірге деген ыза мен кекті  
Біреуміз айтсақ жетеді!

Тұратын шулап көшелер содан,  
Ысқырық тіліп – ауаны үн.  
«Мен сені сүйем» десе егер саған,  
Көз жасың ғана – жауабың.

Балалық шағын сағынған біздің  
Бақтыға барсаң, гүл аңғар.  
Кірпігі моншақ тағынған қыздың  
Есімін менен сұрандар!

\*\*\*

Жадыра, сен бұгін  
Дүкенге бұрылып соға сал,  
Біз үйде отырмыз – тас бұғай.  
Ұлыңа тәттіден ала сал,  
Ал маған – ашылау, ашылау...

Сен дәріханаға кіре сал,  
Үйге кел, айтамыз мәнісін...  
Ұлыңа дәрумен – ұлес ал,  
Ал маған – жүректің дәрісін...

Сен жұмыс орныңдан, суырманың  
Ішінен, ұмытпа – бұл да ізгі,  
Ұлыңа – «Балдырган» журналын,  
Ал маған – «Жұлдызды».

Сабағың жағына барып көр,  
Уақыттың ұғам тар екенін...  
Ұлыңа кілең бес алып кел,  
Ал маған екілік жетеді...

Біз одан, ұлым һәм өз басым,  
Даярлап қоямыз, мүмкін, ем...  
Тәп-тәтті күлкі мен  
Ап-ашы көз жасын...

06.01.2017

## **СЕЗІМ БОЛЖАМЫ**

Бұл сағыныш бере қойсын неге өткел?  
Сені ойлап ем, кетті өзгеріп кенет бел...  
Сен жайлы өлең – күнтізбеке өзгеріс,  
Сен жайлы ойлар – күн райына себепкер.

Бүгін тымық тұн болмақшы ең жайлы,  
Ертең бұлттар сені ғана сомдайды!  
Сен үшін қыс биыл ерте кетпекші,  
Сен үшін құс қанатын кеш қомдайды!

Біз екеуміз кешкен мұнды сәтті ойлап,  
Құбылмалы күрт өзгеріп кетті аймақ.  
Сен мұнайсан – қар жаууы ықтимал,  
Сен жыласан – жүректерде көктайғақ...

Күндіз ашық, бірқалыпты қалым нық,  
Бір дауылға ұласты ұшып жан-тұндік...  
Сен күлмесен – ала бұлтты бұл маусым,  
Сен күрсінсен – сүмбіледе салқындық...

Шын сезімнің құпиясы көп, еркем,  
Ауа райы – сенің қымыл, көлеңкең.  
Менде бәрі жақсы дейсің хатында,  
Жауын-шашын күтілуде неге ертең?

## **«ҚАРҚАРАЛЫ» ГАЗЕТІ**

Ең алғаш жазу түрікте болған,  
Күлтегін менен Тонықөк!  
Оқ атып оғлан күлікке қонған,  
Әлемді атпен шолып ек!

Қарқаралыдан Қазыбек шықты,  
«Атасы сөздің – шындық» деп.  
Тәттімбет тартқан саз үдең тіпті,  
«Сөз де – саз, ұқсан, сүмдық» деп!

Қасымдар шықты қайқаң бір белден,  
«Дауыл мен дауыс – егіз» деп.  
Мәдилер кетті ойпаң бір жерден,  
Сүрініп аты, сені іздең!

«Қарқаралы» газеті –  
Ғасырдың қысқа мезеті.  
Өртейді мені,  
өртейді сені  
Түбінде осы сөз оты!

Талғаған жоқсың кемелін жастың,  
Жығасын жырдың жықпаған,  
Ақсұнқарұлының өлеңін бастың,  
Кітабы онда шықпаған!

Өзім бармаған қыстауға талай  
Өлеңім барды небір дөй!  
Бекінгенменен ұшпауға талай,  
Қанатым құрғыр жеңіл ғой...

Мені ақын қылған осы бетімнен,  
Әлі жас бала аз оты...  
Қарағайлымның қасіреті мен  
Қарқаралымның газеті!

Есті сөз де, жоқ, ертек те мұным,  
Мені де басқан, өсіріп.  
Қарқаралыдан саңқ еткен үнім  
Карпаттың қарын көшіріп...

«Қарқаралы» газеті –  
Ғасырдың қысқа мезеті.  
Өртейді мені,  
өртейді сені  
Түбінде осы сөз оты!

\*\*\*

Сырмағыңың астына  
Хат қалдырдым, жеңеше.  
Табаныңмен басқыла,  
Ток қалдырдым, жеңеше.

Сыпырғансып төргі үйді,  
Тауып алсын еркешің.  
Жабырқаулы сергиді,  
Оқысын да, өртесін...

Ала сырмак – аларып,  
Жүрсін қыздың шешесі.  
Құйған шайы ағарып,  
Суғанша кесесі...

Сырмағыңың астында  
Хат қалындар, жеңеше.  
Жаңа жазған жас жырға  
Сақ болындар, жеңеше!

\*\*\*

Көзсіз сүю – су кешу кемесіз де,  
Қайта түсе береміз неге осы ізге?  
Көбелек гүлге ғашық деді сұлу,  
Көбелек отқа ғашық, сенесіз бе?

Сіз білесіз іште де әлем барын,  
Жүрек көзі сүйгеннің көрер жанын...  
Жапырақ – жетім деді күзге сұлу,  
Жапырақ – ақын деді өлеңге арым...

Жүрегінің көзі бар жылайды шын,  
Ессіз ғашық болу да – құдайлы сын.  
Шын қаталап көрмеген не біледі,  
Шын махаббат – түбінде бір айрылысу.

Қошасты екеу сезімді бірге қамап,  
Жапырақ пен көбелек кімге аманат?  
Ережеге бағынбан тағдыр тұрды,  
Тerezеге телмірген гүлге қарап...

2017

## **СҮЙІНБИКЕ ЖЫРЫ**

Сүйінбике ханыша!  
Қазанды Қазаққа қоса алмай қапа боп...  
Көк Құртқаның Алтайдан түскен ұлдары  
Шашылып кетті тарыша,  
Шаян, бақа боп!  
Тоқтамыс пен Едіге жатқан қабірге,  
Хақназар сұлтан қызыл жалқын  
Күн бата кеп,  
Жалынды жалғыз Тәнірge:  
«Сапагерей – арманда,  
Сүйінбике Керменге кетті,  
Едіге, Тоқтамыс ата» деп!  
Сүйінбике – шерменде,  
Ұзатылып Хан-Керменге!  
«Өлдің, Мамай, қор болдың»,  
Өзіңнен туған Қаһарлы ұл  
Сақалды жат боп келді елге!  
Шоқындырып Өтеміскерейді,  
Алты жасар көз жұмды ұл,  
Еділден ұшқан аққулар,  
Бетке алып Баян, Семейді...  
Ел қыла алмай отырған  
Баянөлгейдегі Керейді?..  
Мұнарадан пәк перизат секірді,  
Алты жасар Өтеміскерей кекілді,  
Періштелермен көтеріп ұшқан секілді...  
Жердегі күйкі, сұрқия, сұмдық не түрлі,  
Сипады-ау аппақ етінді!  
Сапагерейге жарық қып үшшы бетінді!

Содан бері қисық мұнара Қазанда,  
Славяннан қорғап Түркіні, -  
Бәйіт оқылып, күй ойнамайды таза онда!  
Тек қыпшақ қаны бар адамға  
көрінеді екен,  
Сүйір мұнара Сүйінбике боп азанда...

## **АННА ӘУЕНДЕРІ**

Жағал кеш жайылды қыратқа,  
Сәуірден салқындау жел соғар.  
Қанша жыл кешіктің, бірақ та,  
Бәрібір, разымын мен саған.  
Қасыма жақындалп отыршы,  
Күлімдеп көздерің, кеменгер:  
Мына көк дәптерден оқырсың –  
Ертеде жазылған өлеңдер...  
Кешірші, қайғы-мұң мекендей,  
Күн нұрын көрместей болды еңсем...  
Кешірші, кешір, «сен» екен деп,  
Қаншама ереккек қол берсем...

*1915-2016*

\*\*\*

Сізді ойладым оңаша қап,  
Жаздым үшбу тамаша хат.  
Сіз боп кірді ақшам үйге,  
Сіз боп күлді жаңа... сағат.

Сізді сүйдім ойша бұгін,  
Сансыз жұлдыз.

Ай.

Сары Күн.

Сіздің жұпар аңқиды кеш,  
Бөлме гүлі.

Шәй.

Сабырым.

Қосқан бізді нендей қуат?  
Сүйем деуден сембейді жақ...  
Бір құдік бар, о, айтпақшы,  
Сізден, мүмкін, келмейді хат?

Онда бүкіл кем кешкі дем,  
Тұсем көңіл-кербестіден...  
Тұн кірмейді, мен тұнерем,  
Күн батпайды, мен кешкірем.

Бұзылғандай сен жындылау,  
Көңілімнен көрдім қырау:  
Мына лимон – мен қышқылдау,  
Мына кино – мен мұндылау...

## **АЗАТТЫҚ ЖЫРЫ**

Құлтегіннің тасындағы Азаттық,  
Құлтемірдің басындағы Азаттық!  
Тебінгіме тер бол қатқан Азаттық,  
Кегім, міне, шер бол қатқан Азаттық!

Қайрақ тасқа селебенің серт демі!  
Есік-төрдей бозды теріс ерттедім...  
Хан Кенекем найза үстінде...  
Азалы  
Тәттімбетке «Бестөрені» шерт» деді!..

Сол Кенеге үлгермеген әскердей,  
Алаң толы жас түркілер өш керней!  
Қайрат болып сөйлеп тұрды рупордан,  
Әлиханның аруағы дес бермей!

Көк бөріге Хақ Тәңірдей жолдас жоқ,  
Мағжан айтқан қыран жастар – алмас көк!  
Желтоқсанда Одақтың кеп алдына  
Айғайлады «Мағжан!» деп һәм «Олжас!» деп!

Алаң түгіл, шыға алмайтын көшеге,  
Ел тағдырын тағы да Елтай шеше ме?!.  
Құлжа қуған не айтады Ол Атаға,  
Қалжа жеген не айтады Ол Шешеге?!

Қайратымның тасында тұр Азаттық!  
Бәйге атымның қасында тұр Азаттық!  
Ойлы ақынның жүргегінің түбінде,  
Байрағымның басында тұр Азаттық!

## **ШАҢАР**

Есілдің жағасына қонған, жайлы,  
Алыстан күймелі көш жанды арбайды!  
Астана ол – азаттықтың ақ бесігі,  
Елімнің бас шаһары – ар мандалы!

Суяbtай үш түрікке қаған болған,  
Испиджаб, Сығанақ, Женд қамал-қорған.  
Түркістан – ер Түріктің бесігін айт,  
Көкжалдың қырық саны соған қонған!

Ақмешіт, Алматы мен Орынборда,  
Елдіктің туын тіккен көрінді Орда!  
Семейді айт, қыр баласы қазық қағып,  
Алаштың шаһид қылған жолында Алла!

Армысың, Астана ару – қонысы әннің,  
Байтаққа байрақ тіккен төрі шәрдің!  
Талайын артқа тастап тар өткелдің,  
Бойына Қараөткелдің сені салдым!

Базарың тарқамасын, енді Астана,  
Астана еліме орда, шәр, бас қала!  
Тоқтайды бақ түбінде саған, Қазак,  
Жатпайды қап түбінде Алмас қана!

\*\*\*

Тағы әдепкі кездесу жайша қысқа,  
Бақыт бал боп көрінер қойса алысқа...  
Отырасыз сіз тұнді қолдан жасап,  
Атырамын мен танды – ойша нұсқа...

Ескі сағат.  
Бос ваза.  
Перде ғұлсіз.  
Шашырайды күңгірт шам жерге нұрсыз...  
Кейіпкерін төзімнің мәңгі қамап,  
Шейіттерін сезімнің жерлеп ұнсіз...

Жан жоқ тірі өтетін мендей тынып,  
Мөлдірейсіз сіз де ұнсіз көлдей тұнық...  
Қолыңыздан ұстағым келеді іштей,  
Жолыңыздан қалдырғым келмей тұрып...

Тұрады үміт елеске енгісі кеп,  
О, сондағы жүректен Жер кішірек...  
Сіз кететін пойыздың уақыты алыс,  
Мен шақырған таксидің келгісі жоқ...

Қоштасамыз соларға қарамастан,  
Біздер үшін бұл жылап қалады аспан...  
Мен білемін, бұл дүние сізді сүйіп,  
Сізді ойлаудан басталған бәрі о бастан!..

2018

\*\*\*

Қайда екен... қайда, япыр-ау, сол шақ?  
Белестен гүлдер шақырады ән сап.  
Сағыныш-дертті жасыра қалсақ,  
Кірпікке мөлдір асылады аңсап...

Дидарың нұрлы – тамған ән Айдан,  
Күлкіне бұлақ қанбағам, айнам.  
«Айымыз басқа тағдырлар» дейсің,  
Жолықтық екен, жалған-ай, қайдан?!

Жұпарын нұрдың жүзінен тамсап,  
Келемін еріп ізінен бал шақ.  
Үздіккен жанға үт сәулө – сезім,  
Үзілген тамшы – тізілген моншак.

Тұсіндім неден күйетінімді,  
Тұсіндім неге күйетінінді...  
Тағдырды неге тілдейтінінді,  
Жаңбырды неге сүйетінінді...

Тұсіндім.

\*\*\*

Жаратыпты Құдай бізді әлсіз ғып,  
Қысқа жалған-қамшы сабын қанша үздік...  
Берекет жоқ жерден бастап – бейәдеп,  
Қарекет жоқ жерден бастап – қамсыздық...

Бір-біріне тәуелді адам еселі,  
Саудан кемнің қайтпау керек меселі!  
Баюшының қыындығын, мысалы,  
Қайыршының тындығы шешеді...

Сынағынан Жаратқанның сан тоңдық,  
Соны айтады көктен түскен әр томдық:  
Жетімдерді жебей жүрші, әділет,  
Жесірлерді демей жүрші, қамқорлық.

Балықшының бүтіндейін қайығын,  
Сіз кедейде келмейді әсте байығым...  
Жүрегімді кірлетпеші, мейірім,  
Тілегімді тірнектеші, қайырым.

Мендік бірақ мейірге кім сенеді,  
Кімнің қазір бүтін дейсің шелегі?  
Өкіметтің бөзін емес көп қазір,  
Көкіректің көзін іздең келеді...

Нәпсі, нәпіл – екі бөлек хатшылық,  
Бөлінердей боп кетемін қақ сынып...  
Көз қырынды салшы маған, ізгілік,  
Қол ұшынды берші маған, жақсылық.

Парызыңды фәни күнде қал өтеп,  
Бес күн жалған кімге пана, бәрі өтед...  
Істен шыққан зат зекеті – әрекет,  
Іштен шыққан сөз зекеті – қарекет.

*Алматы, 2017*

## **КЕРЕУЕТ**

*(Мұхтар Шахановқа)*

Сықырлаған кереуетім бар тұғын,  
Жантая қап алушы едім сәл тыным.  
Оңаша өзі тұратын да қоятын,  
Соған мәлім мен мұңайған әр түнім.

Ағаш төсек.  
Жасы да үлкен өзімнен,  
Сонда жаттым,  
Сонда шаршап көз ілгем.  
Сол төсекте тәтті тұске бөленіп,  
Ержеткенмін өркен жайып өз іргем.

Қайсар досым ойнап-ойнап үйге кеп,  
Сол төсекте ұйықтар еді күйде ерек.  
Сол төсектен ол да аттанған мектепке,  
Қайсар десе шыбын жаным күйгелек...

Есейдік те, кеттік түгел қалаға,  
Қанша жылдар қалды дейсің арада...  
Тұсімде ылғи төсектердің жапқышы  
Қолын бұлғап тұрады бір балаға...

Үйлендік те, жеке шықтық үй болып,  
Балалықтың ауылынан сиредік...  
Жар екеуміз төсек алдық кең жайлау,  
Баламызға төсек алдық күйме қып.

Әлгі төсек тұрды ауылда жүк артып,  
Менің сәби иісіме құмартып.  
Көрпе, жастық жиналатын мұлік боп,  
Көрген көзге Алатаудай мұнартып!

Алып кеттім бір реті келгенде,  
Қазіргі орны – қаладағы үй, төр бөлме.  
Есік пенен төрдей болып тұрғаны,  
Сен де жатқың келер еді көргенде!

Қайсар досым төсек тартып жатыр деп,  
Суық хабар келді бір күн «атом» боп!  
Сұлық түсіп жата кеттім төсекке,  
Түсімде бір алыс таудан шақырды от...

Жұмыстан кеп, келе сала кешқұрым,  
Қарғып міндім арқасына бестінің.  
Әлгі төсек сынып кетті быт-шыт боп,  
Сол түн Қайсар жайлы хабар естідім...

Қайсар көзін жұмған кезде сыныпты,  
Қайсар төзім көзін сол сәт жұмыпты.  
Жан досымның қайтпас жаққа кеткенін  
Қайран төсек менен бұрын біліпті...

Біз ажалға ренжиміз кеш келсе,  
Ренжиміз ерте тағы ескерсе!..  
Өмір деген – қас қағым сәт екен ғой,  
Бір төсектен бір төсекке көшкенше...

## **ШИДӘТТИҢ ЖҰМАҒЫ**

*Әмірі аспан астын тітіреткен  
Шидәттің жерде соғылған жұмағы  
туралы аңызды естіп пе едіңіз?*

**Ырысбек Дәбей**

Бір Патша жұмаққа үлгі қала салды,  
Хиуа, бейне Бұхар, Хорасан-ды...  
Күн көзі алтын-күміс зерге түсіп,  
Күмбезі естімепті аласа әнді!

Ол қала – сегіз қақпа жұмаққа үлгі,  
Самсаған сансыз оттар шырақ нұрлы!  
Патшаның есі ауысқан не біздің ес,  
Гүл сөйлеп, Күмбез жүзіп, Бұлак күлді...

«Жұмаққа жердегі үлгі – осы» деді,  
(Ерсілі-қарсы шашты несібені...)  
Күпірлік – Ібілістің хошы, демі,  
Тәңірге ұнамады осы жері;

«Күпір» деп шәрді жұмақ балағанға,  
Бір тұнде тік көтеріп қаланы Алла,  
Аспанға алыш кетті...  
содан бері  
Құдайдың ісі жұмбак әлі адамға...

Түйе іздең әл жазира Сахарадан,  
Бір жұтым суға міскін қаталаған,  
Алыстан бұлдырайды сонда шаһар,

Елеске еріпті өліп...  
жата ма адам?..

Аңызға күні солай сенген елдің,  
Мәңгіріп,  
Мәңгілік бұл Ел деген кім?..  
Елсізде арып-ашып,  
миуалы  
Жұмағын сол Шидәттің мен де көрдім...

25.05.2016

## **АЗАТТЫҚТЫҢ АУЫЛҒА КЕЛУІ**

У тасыған бөшкемен,  
Су тасыған Азаттық!  
Қазынаны меспенен  
Ку тасыған Азаттық!  
Келді біздің ауылға...

Сымын сатып шетелге,  
Діңін жаққан үйлерге...  
Дымын құртып, бекерге  
Мұнын шаққан билерге...  
Келді сол күн Азаттық!

Атажұрт деп ауылға  
Керей келген Азаттық!  
Тартпак түгіл  
Бауырға,  
Кедей кердең Азаттық!  
Келді біздің ауылға!

Бір бөлмесін кеңсенің  
Мешіт қылған, дін – елек.  
Қоларбаның бөлшегін  
Бесік қылған мұгедек  
Келді біздің ауылға!

Рахат көміп жөйітті,  
Түркі жұртын тозақ қып...  
Оқып «Рахатгейті»,

Тыңдағаны – «Азаттық!»  
Келді біздің ауылға...

Аландағы Қазтуған  
Аласұрған кеп пе екен?  
Базардағы Бозтуған  
Шала-жансар кетті екен...  
Келді біздің ауылға...

Келгір десе кебенек,  
Тұсінген жоқ қазақ түк!  
Азаттықты, не керек,  
Қарсы алғанбыз  
мазақ қып!

\*\*\*

Қар жауып жатыр, күміс қар,  
Айнала аппақ болды, әне!  
Ақ ұлпа, сені кім ұстар,  
Еріген сәтің қолдағы?

Көргенім емес, сезгенім,  
Өмір жайлы осы долбарым:  
Әдемі-ақ деді көздерім,  
Сұп-суық деді қолдарым.

Сұлу да келе жатар ма?  
Ақ ұлпа қардан несі кем?  
Тәтті деп ернім татар ма,  
Аңы деп тағдыр-несібем?..

Мен емес, онда-ақ өзгемін,  
Ғашық та хаттар жолдарым...  
Жүрегін айтшы, көздерім,  
Жүзігін айтшы, қолдарым!

20.10.2016

\*\*\*

Кездейсоқ кездесу ғой, тағдыр делік,  
Неге онда мен әдейі қалдым көріп?  
Неге ол құрбысымен бірге келді,  
Неге мен досымды ертіп алдым келіп?

Біздерді жолықтырған жұмыс делік,  
Неге онда бөтенше хал біліспедік?  
Неге онда түкке алансыз, емін-еркін,  
Демала алған жоқпыз тыныс керіп?

Біз бөтен жанбыз делік, сүйікті ал кім?  
Мен осы жерге келіп тұйықталдым...  
Неге ол сол күні әтір артық септі?  
Неге мен ақ жейдемді киіп бардым?

22.11.2016

\*\*\*

«Қазба байлық көп» деп ең,  
«Аз ғана айлық» деп келем.  
Құрғыр алтын, біз түгіл,  
Қарынбайға<sup>3</sup> жетпеген...

Жемқорға да ас батты,  
Бармақ мыж-мыж, бас қатты.  
«Құдай жоқ» деп келгендер  
«Мұнай жоқ» дей бастапты.

Бай далада алтын бар,  
Бақыр да бар, барып қал.  
Ей, аты жоқ алыптар,  
Қазақ дейтін халық бар!

22.08.2016

---

<sup>3</sup> Қарынбай – халық ұғымында: байлыққа тоймай, дүниенің шетіне жете алмай өлген адам.

# **АҚТОҒАЙ. АҚЫН ТОЙЫНА АТТАНЫС**

*(Бағдат Мұбаратқа)*

Басылған тас балбалға таңбасы анық,  
Ақтоғай – қазағымның қағбасы алыш.  
Онда алғаш мына әлемге от тұтандып,  
Жазылған жақпарында алғаш әріп!

Ақтоғай – ықылымнан ар тұрағы,  
Келеміз ілмей көзге жалқыны әлі...  
Тоқырауын содан теріс ағады осы,  
«Қоңыр қаз» содан теріс тартылады...

Әлихан, Әлімхан мен Жақып ірі,  
Салған із санамызда жатыр ұлы!  
Арқаның барлық ұлы мемлекетшіл,  
Қайралған сертке берік сапы қыры!

Ақсораң – Алашымның төр бесігі,  
Ашылған азаттықтың жолға есігі.  
Кенже ұлсың шаңыраққа қарап қалған,  
Қүйдің де, өлеңнің де көл-көсірі.

Саятты, елсің жүйрік хатқа дәйім,  
Тауқымет еш кезенде тартпа уайым.  
Жырынды айтып жүрсін жатқа ағайын,  
Әлі де таланттардың тап талайын!  
Саған қол созып өтсін сұлу дүние,  
Аман бол, Алтын бесік – Ақтоғайым!

## **АҚСҮЙЕК**

*Бұғін сегізінші қыркүйек – текті бабалары  
Тұраннан ту көтергенде, сулуддин сүлдесі үлт  
арышыған Жалғас сұлтанның туган мезеті.  
Мынау – сонда жазылған мадақ жыр.*

**Жалғас сұлтан!**

Бабасы – бура мінген Бұрындық,  
Анасы – қоңырат Бөрте құдайлы...  
Сен жеті атаңдан жерден жеміт термеген,  
Караға қолын бермеген,  
Төресің – шымылдық шырайлы!  
Жалғас алдияр,  
Сен – бауырсыз төресің,  
Әділ сында андасы,  
Арқар ұран – таңбасы,  
Жалмұханың жанын жұтқан қағаның!  
Сағымға ілген садағын!  
Сен –  
Серек найза өтпес көбесің,  
Сегіз қабат сауыт бұзар жебесің!  
Ғайып ерен қырық шілтен қорғаған жарағын!  
Жалғас баһадүр!  
Сыздық төредей қаһарлы,  
Алмалықтай шаһарлы,  
Жошы дүрдің асыл, болат тұяғы,  
Ер Шыңғыстың қанша ғасырлық қиялы,  
Нәсілі хан атаулы!  
Алашорданың көсемі,  
Атаң – Әлихан, хан Барак!

Ақ мылтықты толғап ат!  
Тоғым хандай тоғыз бол,  
Шығайдай шынжыр балақ, шұбар төс,  
О, менің Жалғас бекзадам қанбалақ!

\*\*\*

Бес күнді сұрмеуге бола ма?  
Ешкімді сүймеуге сол дәрмен.  
Байлаулы барайын молаға,  
Бесікте байланған қолдармен.

Еңбектеп барайын сен жаққа,  
Еңбеккүн жазылған дәптермен...  
О, өлім, сәлем бер қолы жоққа,  
Құр қолмын, түгім жоқ ап келген!

Топырақпен мен шашқан көміндер,  
Табытқа көшейін төсектен...  
Басыма тас қойып беріндер  
Сендерге лақтырған кесектен!

Жоқ қолды несіне сермедім,  
Қолбайлау тірлікте арзан көп.  
Арызды қолыммен бермедім,  
Қарызды қолыммен алғам жоқ.

14.12.2016

## **МИМИКАЛЫҚ ХАТ**

Мен ішімнен ұзағырақ сөйледім,  
Ымыраға келмеген тек ой мен үн.  
Мені ақтап қаламсабым көсілді,  
Сені жақтап көйлегің.

Сенің көзің көп айтады өз мұнын,  
Менің көзім – сезімді айтар сөздігім.  
Қас қағым деп қаспен өлшеп ғұмырды,  
Жаспен өлшеп сөз құнын!

Кірпігінді қақтың үнсіз, қош десіп,  
Сол кірпікке бүрлеп шықты десте шық.  
Сені алдыңнан не күтіп тұр, білмеймін,  
Мені алдыңнан тосты есік...

Киелі ізді бұзбай саған әкелген,  
Мен артыммен шықтым үнсіз пәтерден...  
Сенің көзің жаспен қойды көп нүкте,  
Менің көзім сурінеді қатемнен.

## **ХАН ЭКЕ**

Уа, Тәңір Иемнің тартуы,  
Бартандай батыр,  
Есуқейдей патша,  
Шыңғыстай қағаным,  
Сағымға ілген садағын!  
Сен туғанда, хан әке,  
Ай жағынан алпыс мың,  
Күн жағынан қырық мың түмен қол тұрды!  
Солар меймананды тасытты,  
Солар ырысынды толтырды!  
Саумалды тұтікпен іштің,  
Салуалы ордада салтанатың жаасты.  
Самалды тұндікпен жұттың,  
Тақымында тайбурыл тұлпар таң асты...  
Тұбі бір түркіні тұтас ел қылып ту байлап,  
Он үшінде Ордада кеңес құрғыздың!  
Тұгі күміс жылқыны асау суға айдал,  
Сарыарқаның сәнін кіргіздің!  
Есірген жауды жатқыздың,  
Езілген жұртты тұрғыздың!  
Жұмыр қабақ жәуміттей,  
Темір қанат шәулідей,  
Болмысың бекзада,  
Тумысың текті Алдияр!  
Ұлыжіңгір құрылтайда  
Қазақ үшін қажысып  
қан жұттың,  
Алаш үшін алдағай шепте  
ант іштің!  
Сілекейін ас еткен жұртыңа

Кілегей ішкіздің,  
Сірнекейін нәр еткен жұртыңа  
Сары қымыз сапырттың,  
Атыңды Еділге суарып,  
Атағыңды Аштарханға асырттың!  
Алты жасында аң атқан,  
Он жасында оқ жонған,  
Аға сұлтанның  
Емген сүті таза,  
Өнген сүйегі асыл!  
Батудай хан,  
Барактай паң –  
Болат төре!

\*\*\*

Мен де келдім отызға, ал, келмей көр,  
Өмір – өлімге әл бермей шыдау делік.  
Самайыма ақ кірді, ал, көрмей көр,  
Қара тұнгә аппақ таң қылау беріп.

Айта көрме отызда Жанға өлімді,  
Дүние – ыстық, астында қыз көрпелі.  
Неге отызда әкелер шал көрінді?  
Қартайтып ап сұраймыз біздер, тегі...

Сол отызға келіппіз алып-ұшып,  
Құр қалғандай тұра осы бірденеден.  
Он тоғызда қыз қалды жанып-ысып,  
Үйі толы біз берген гүл мен өлең...

Келмейміз ғой, тілей бер жүзді, мейлі,  
Қартаяды еken ғой ойдан адам.  
«Отызда деп айтпаймын Сізді» дейді,  
Одан жастау көрініп қайда барам?

Он бесті іздең, жоқ, артқа шегінем бе?  
Өмір – отыз жыл екен, бес күн десем.  
Мен де ұлымаша болып көрінем бе?  
«Сал боп ғұмыр, – сене ме, – кештім» десем?

08.01.2017

## **БЕКТАС СҰЛТАН**

Әз Жәнібектен әрі неше ата,  
Төрт құбылалы төрім нық!  
Арғы тегі ер Шыңғыс –  
Тоғыз баулы төре тұқымы,  
Қырымға қызын келін қып,  
Үрімге жүрген үкімі!  
Көк түріктің Құлтегіндей Қағаны,  
Бөртеден туған бөлтірік,  
Алан Қоғайдың Аланы.  
Адырнасы – ақ өгіздің терісі,  
Кірісі – құла айғырдың сіңірі,  
Боданшардың сағымға ілген садағы ол –  
Бектас сұлтан!

## **ҚАМЫС ҚАЙЫҚ**

Тұрғандай қорадағы бар іс тынып,  
Кетуші ек қамыс-қайық жарыстырып...  
Дауласа бастаушы едік капитандар,  
Жұлдызын кемелердің салыстырып...

Балалық дәуренге бұл – таныс қылық,  
Құліктер үзенгісі қағысты үміт.  
«Алға-лап!» айғайлады ат қосқандар,  
Шабандоз шыбықтарға алыс тұрып.

Асая су ауыздықпен алыстырып,  
Барады жұлдыз-кеме, қамыс-құлік...  
Сонында бір топ бала қайықтарға  
Жыраны, жарқабақты таныстырып...

Әр қайық иесінде әр ыскырық,  
Көлігі шабандарды намыс бүріп,  
Қалмайды бір-бірінен, қатар бәрі,  
Заулайды зат та болса жаны ышқынып...

Жел қайық, бес-алты дос, жарыс та ұмыт,  
Бір қайық кетті бөлек алысқа ұрып...  
Кешті өмір-дариясын, желкеніне  
Жұлдызын тағдырының жабыстырып...

Тұсті інір, қызыл суға қан іштіріп...  
Балалық – өтті дәурен алыс құліп...  
Айыбын кешті ме екен сонда достар,  
Қайығын кеткен ұлдың ағыс бұрып?

## **НҰРТАС СҰЛТАН**

Сұңгісі – тоғыз баулы Сұлұддын шашақты,  
Жебесі – сағымға ілінген масақты!  
Қылышы – Әмбағай, Боданшар,  
Ұлысы – Алты Алаш, жасақты!  
Бір басы – Барактай сан қырық,  
Сұлбасы – Жәңгірден жаңғырық,  
Затын – бекзада,  
Атын – Алла алқаған Тәңіріқұт!  
Жілігі – Атанға,  
Жүргегі – Арланға апан дүр,  
Үәлидей көркем,  
Салқам Жәңгірдей сұсты,  
Қасым төредей қаһарлы ұл,  
Ер Шыңғыстың маздақ сұлтаны –  
Нұртас хан!

\*\*\*

Себеп жоқ керемет түк,  
Ішпейтін шай алдырдық...  
Асығыс неге кеттік,  
О, неге баяу жүрдік?

Кездестік ғашықтарша,  
Қоштастық бөтендерше.  
Бөгелдік асыққанша,  
Асықтық бөгелгенше...

Отырмын жалғыз, бөтен,  
Ішпейтін шай алдымда...  
Оны кім алғызды екен,  
Өзім бе, аяулым ба?..

Жалғызын көп ішінде,  
Жалғызың, көбі ішінде...  
Ол шайды неге алдырдық,  
Болмады неге ішуге?

22.05.2017

## **ТОРҒАЙ ДЕСЕ...**

Бүйрекімді жатқандайын суырып,  
Бауырымнан жатқандаймын айырылып.  
Дордойым ол – апшымызды қуырып,  
Торғайымыз топшысынан қайырылып...

Топырағыңды торқа мауыт киелі  
Топанға ертең айналдырман, Торғайым!  
Менің тайқы маңдайыма тиеді  
Сенің Кейкі-тағдырың мен сор дәйім.

Бейбарыстың топырағы – тұмар да,  
Бейнамыстың топырағы – көң, мейлің...  
Зымиянды адал дейтін бұларға  
Зымыранды залал деп көр, сенбеймін.

Өкіметтің шоқығаны – жая, пұл,  
Ахметтің топырағы боздаған...  
Қымыранды РАҚ-қа ем дейді,  
қоя тұр,  
Зымыранды БАҚ-қа он деп  
жаз, қалам!

Қу кетеді жылы жаққа, торғай қап,  
У жекемі шөккен нарды шөлге айдап!  
Бұл мекенді отар дейді неге жұрт,  
Отан деймін – мен бейбақ...

\*\*\*

Біз суып кеттік осынша десем,  
Шайыңды іш, суып қалады дедің...  
Сұп-суық мұнды жасырса кесем,  
ҮІп-ыстық тамшы тамады керім...

Біз суып кеттік осынша, демде,  
Жылуды қашан ағытты дедік?  
Сұп-суық мұнды жасырса бөлме,  
ҮІп-ыстық тамшы тамыпты үлгеріп...

Біз суып кеттік неліктен, қалай?  
Құралай, жылы киім ал дедік...  
Сұп-суық бұлттан төніп кем арай,  
ҮІп-ыстық тамшы құйылар келіп...

Біз суып кеттік, табайық па емін?  
Білесің, білем себебі көбін...  
ҮІстықкөл жаққа барайық дедім,  
Балмұздак жегім келеді дедің...

2017

\*\*\*

Күлкімді де тоздырдым кие-кие,  
Мұн да тозды, іш-қазан күйе-күйе.  
Тозды мандай тау-тасқа соғылумен,  
Тозды алақан қошемет, қол ұрумен.

Үміт тозды күтуден, кезігуден,  
Күдік тозды жақыннан безінуден.  
Табан тозды арманды қуалаудан,  
Жанар тозды ояну, көз ілуден...

Тозды миым – тәнімнің ақылманы,  
Тозды күйім, ескіріп жатыр бәрі...  
Жүрек тозды сезім – бал, ақыл – удан,  
Білек тозды бақытты шақырудан...

Тозған иық, тозған бас, тіл ұшым кем,  
Айғайлаймын жалғанға құр ішімнен...  
Төзіп келе жатырмын кім үшін мен?  
Тозып бара жатырмын кім үшін мен?

2017

\*\*\*

Келдің бе, рас па жап-жасыл көктем,  
Махаббат сізге мәңгі асыл неткен!  
Өзекте өлең тулайды шалқып,  
Шаймаған толқын арнасын көптен...

Біреу-ақ біздің әнші бағымыз,  
Таң моншақ талдан тамшыладыңыз...  
Жапырағымды жап-жасыл ғұмыр  
Жайқалтты, міне, жан шуағыныз...

Келдіңіз сәл-сәл кешігіп керім,  
Менің де мәңгі осы күткенім.  
Қош көрдім сізді қоңыр қаз тағдыр,  
Қоғалы қом су қосылып көлім...

Желкілдек бұрым желектер жайнаң,  
Көтерді басын теректер де ойдан!  
Ойнайды жасын аулаққа барып,  
Жанарды жұлдыз өбектеп айман...

Жып-жылы жаңбыр еске сап тәтті,  
Есіңізде ме, кешкен ек сәтті?  
Майысқақ мамыр қамажай белді  
Келіншек самал кестелеп қапты!

Құркіреп көшті күз кеудем мұны,  
Табылар жанның іздеумен жұбы.  
Аңқиды жұпар әр тағдыр сайын,  
Аты әсем жұмбақ сіз келген күні...

2013

\*\*\*

Бізді де ел ақын дейді ел қамын жер,  
Сол атқа лайық болмай сорладым, көр.  
Жым болды мен айтпайтын ана тілім,  
Мұң болды мен аттайтын қарға адым жер...

Сөз – қарыз, сұрайтындаі иесі кеп,  
Сөз – парыз, құрайтындаі жүйесі жоқ.  
Ішімде өлгенінің киесі ауыр,  
Артымнан ергенінің күйесі көп...

Жел сөзге желдей зулап жетем есіп,  
Жөн сөзге ылғи жабық бөтен есік...  
Қанымда тулап-тулап аққан солар,  
Жанымды турап-турап кетеді осып!

Бірдей бол көрінгенмен тәмәм досқа,  
Тілдей бол таусылардай шарам босқа...  
Бейнемнің ішіндегі ғалам бөлек,  
Жейдемнің ішіндегі адам басқа!

12.04.2018

\*\*\*

Махаббатта ессіздік бар ақылды,  
Соған ұрдық тайқы мандай тақырды...  
Аппақ қармен неге өшірдім тақтадан  
Аппақ бормен жазған ғазиз атыңды?

Махаббатта жалғыздық бар мәнгілік,  
Тура осылай қайталайды жаңғырық...  
Сол жалғыздық сенен мені әкетіп,  
Сол жаңғырық сені маған қалдырып...

Хат жазбаса сүймейді деп түйдің-ау,  
Хат жаздыра қойсын қайдан күй бұғау?  
Отқа күйген көбелекте арман не,  
Сотқа күйген ар азабы, ми қырау...

Махаббатта қашықтық бар тым жақын,  
Айта алмайтын тіл ұшында тұрды атың...  
Сенің сүйген құшағында Күн де – әнші,  
Менің күйген ошағымда күл де – ақын...

Сағынышты көз айтады, сөз емес,  
Бір сағыныш өзі бейне, өзі елес,  
Мазалайды сені қалай тұнімен,  
Жазалайды мені солай,  
өзі емес...

\*\*\*

Біз бірге болмауға сол үшін келістік,  
Біздегі еркіндік – шыжымды алтын бау!  
Мен сүйген ерінде  
ең ыстық,  
ең ыстық,  
Сен жеген балмұздақ  
салқындау,  
салқындау...

Аңсату қашықты – ғашығың сүймек деу,  
Біздегі үнсіздік – алыстан жеткен дем...  
Хаттардың легіне  
сиректеу,  
сиректеу,  
Шақтардың көбіне біз таппыз шектелген...

Біздегі жалғыздық – сырты екен қақпаның,  
Біз жайлы айтылар әлі сан дастан көп...  
Мен берген далапты сен де әлі жақпадың,  
Сен берген қорапты мен де әлі ашқам жоқ...

## **ҰЛЫМ КЕТИП БАРАДЫ МЕКТЕБІНЕ**

Қарындашы жап-жаңа ұсталмаған,  
Қаламсабы жап-жаңа ұсталмаған,  
Жейдесі де дәп-дәл шыт кірлемеген,  
Дәптері де су жаңа тысталмаған,

Ұлым кетіп барады мектебіне,  
Биік шыңға балапан бетtedі де!  
Құлдырандал қояды құлыншақ ұл,  
Колы құлын жалына жеткені ме?

Әліппесін қолтыққа қысқан көкем,  
Әріп көшін танымақ ұстам бекем!  
Сондай құштар өмірге, сондай ынтық,  
Өмір де оған дәл сондай құштар ма екен?

Сөмкесі үлкен өзінен арқалаған,  
Тақта да үлкен, білемін, парта да оған...  
Бес күн жалған ой жүгін барады асып,  
Бестегі ұлым ойыны тарқамаған...

Білім – бәйге, жарысқа жан сал күшпен,  
Тәкаппарлық көрсетпе, болсаң да ұstem.  
Ақ құрт шашып анашың сыртта қалды,  
Ақ бор ұстап ұстазың қарсы алды іштен.

Алда сенің ақ арман, арай гүлің,  
Ақыл айтар дәл бүгін орайлы күн:  
Сөзін бөлме ұстаздың һәм сөзге ерме,  
Сөз болғаннан жаман жоқ, абайла, ұлым.

Халықшыл бол қаһарман Хақ қолданған,  
Қылыштарға ұнамсыз жат бол жаман.  
Бірді бірге қосуды үйрен, дұрыс,  
Бірді бірге соғудан сақ бол, балам.

Ақтап үміт, арқамның босат жүгін,  
Қыран – Сенсің, Тудағы шашақты Күн!  
Тарихың бар Құлтегін тасқа жазған,  
Сол тарихқа ешқашан тас атпа, ұлым.

Жырақ қалма қызықты жыр-эн кештен,  
Шындыққа да берік бол шыған көшкен.  
Алты құрлық, төрт мұхит – барлығын сүй,  
Алты Алашты бірақ та шығарма естен.

Кетпес, білем, кей сөзім бірден ұнап,  
Ойынынан кетпегін мұлде жырақ.  
Ала допты болады сәл қууға,  
Ала жіпті аттама мұлде бірақ.

Куанышпен қарсы алды бұл күнді атаң,  
Құрак ұшып қарсы алды бұл күнді апаң.  
Қоңырауынды алғашқы сенің тындал,  
Омырауымды жас жуып тұрмын, ботам.

Күтеді алдан әлі сан сапар, сарай,  
Сол жолдарда ағартқан әкең самай.  
Мектепке анаң апарса қалай бұгін,  
Меккеге ертең сен де оны апар солай!

Көздерімде қуаныш лағылы ойнап,  
Қадамыңа қараймын бәрін ойлап...  
Тарыдай бол мектепке кірген саған  
Таудай талап тіледім, тарыдай бақ.

\*\*\*

Не ұтты тағдыр сені, мені жығып?  
Кеткен жоқ одан өмір сені жібіп...  
Түсінде бақыттымын деді сұлу,  
Ішімде бақыттымын деді жігіт.

Айта алмай айтар сөзді жанға аяулым,  
Жүрекке түскен дерті ән қаяудың...  
Құн мен тұн – санамызда бірдей ұфым,  
Ішінде сен де ояусың, мен де ояумын...

Жүректей жоқ кеңістік ғалам үлкен,  
Көзімнің жасын ылғи соған іркем.  
Құмыра мәңгі сынық боп шығады,  
Шұғыла құяр кезде сана-пілтем...

Кірмейсің осы күні түске де оңай,  
Саламын нәзік күйді күшке қалай?  
Жалғанды жарық қылар, сыртына емес,  
Адамның өз ішіне түскен арай.

Астана, 2018

## **ДОМБЫРА**

*(Поэма-панорама)*

*Қазақ – нағыз қазақ емес,  
Нағыз қазақ – домбыра  
Қадыр Мырза Әлі*

Домбыра – күмбірлеген дәуір жыры,  
Дауысы ұласқандай дауылға ұлы!  
Шаттығы – қауырсынның жеңілдігі,  
Қайғысы – қорғасынның ауырлығы!

Өзегін саған берген ақын жұлып,  
Орынын саған берген батыр тұрып!  
Қап-қалың кітаптардың мазмұн жүргі  
Жұп-жұқа шанағында жатыр тұнып!

Қос ішек, тоғыз перне, шешен шанақ,  
Кер заман сені де атқан кесел санап!..  
Домбыра – көкірегі шер көне мұра,  
Көк түрік төріне ілген көсем санат!

Естірткен еңкілдеп күй – ханға қаза,  
Домбыра – қарсы тенеу данғазаға!  
Тербейді сендергі сөз жүрек көлін,  
Бермейді сендергі саз жанға маза!

Кетбұға – күйдің пірі, шабытты ерден  
Домбыра – қалған мұра, анық көмбем!  
Жүрегі хан алдында шайлықпаған,  
Атыннан айналайын халық берген!

Домбыра – қазақ үшін ғұмыр мәні,  
Сен төккен күймен рухым жығылмады!  
Домбыра – сұңқар еді балдақтағы,  
Домбыра – тұлпар еді тұғырдағы!

Шыққанда кең шанақтан гүл өріліп,  
Жарқ етер көкжиектен күдер үміт!  
Немесе «Қосбасары» буынды алар,  
Пернесін күйші басса тым ерініп...

Қос мектеп – Тәттімбет пен Құрманғазы,  
Екеуі – екі ұлгінің дүр маңғазы!  
Біреуі – төкпе күйдің төрешісі,  
Біреуі – шертпе күйдің сырбаз мәні!

Бағзыдан жеткен мұра қыз-ұлға аман,  
Домбыра – қызыл бөрі, қызыр қаған!  
Бетінде қу тақтайдың қызыл арша,  
Ішегі таутекенің ызындаған!

Қобығыңды Қорқыт десем қол көсемі,  
Домбыра, Доспамбетсің сен кешегі!  
Дина мен Аққыздайсың – дариға акқу,  
Төгілген Тәттімбетсің төрде шері!

Домбыра, сен – Тұрансың қамал берік,  
Ордаңа құт дарыған Қаған қонып!  
Тұмен бап Түркістансың көне астана,  
Бастаған басты Ордасың бабам жорық!

Абылай ақ туысың – азат байрақ,  
Домбыра – асыл пышақ, ғажап қайрак!

Ешбір жау аттай алмас есігімнен,  
Домбыра барда қылмас қазакқа айбат!

Құрыштан құйылғандай берік бұйым,  
Қылыштан өткір сенің жорық күйің!  
Мені де илеп өтті зұлмат небір,  
Сені де түйреп өтті соғып құйын!

Домбыра – көкей кесіп, кісен ашқан,  
Ондайда Жерге айналып түседі Аспан!  
Кезекті алған кезде нақысты қүй,  
Өзекті өрттей қауып ішек осқан!

Домбыра – бағзы мұра Сақтан бері,  
Алаштың айбоз даусы, актангері!  
Домбыра – тылсым ағаш нұр сипатты,  
Шұғыла – шанағынан соққан лебі!

Аумайсың ер Төлеген, өр Жібектен,  
Ішегінде шежіресі елдің өткен!  
Перненді бойлауық қүй балқытқанда,  
Пердесін жанның аппақ желбіреткен!

Сілейген балбалымдай сал домбыра,  
Сұлеймен балдағындей мән домбыра!  
Арымның Ай дидарлы, Күн сипатты,  
Жарымның жүзін ашқан ән домбыра!

Домбыра, сенде рухы хан Кененің,  
Жеткіздің көкке тудың жан кемелін!  
Қолыма алсам сені Таласбектей,  
Түсімде түмен-түмен қол көремін!..

Махамбет сен деп берген қайран басын,  
Намысың қайдан сосын қайралмасын!..  
Шерткенде жан дыбысын қанмен теуіп,  
Дергтенген көңілімде ойнар жасын!

Тартқанда үш ішектеп, теріс бұрап,  
«Қоңыр қаз» үшар бетке алыс құлап!..  
Домбыра – Арқадағы Ақан сері,  
Домбыра – паң Құлагер қамыс құлак!

Шерткенде шебер саусақ биязы леп,  
Көкейге құдіретін құяр ізет!  
Домбыра, сен – Абайсың сөз патшасы,  
Домбыра, сен – Адайсың күй әзірет!

Қашаған, Ақтан айтқан сөз – мұрағат,  
Күй болып Маңғыстауды кездің аbat!  
Домбыра – Дариядай асau суда,  
Нұртуған, Нартай – жеке, өзге ұлағат!

Басында Баянтаудың Мәшіүр Жүсіп,  
Сөйлейді домбырадай тасқын қысып...  
Айрылып қалдым сол бір парасаттан,  
Көзіне қапияда қастың түсіп...

«Қарқаралы басында жалғыз арша»,  
Тиетін әндей кім бар жанға ұзанша?!  
Алты қыр астындағы сал түскен үй,  
Әуені әудем жерден таңға ұзарса!

Домбыра дауысында – Алаш үні,  
Көзімнің ағы да сол, қарашибі!

Тиегі – тобылғының қатты діңі,  
Сүйегі – қызыл қайың, ағаш ірі!

Сен барда байтағым кең, ұлысым бай,  
Қайтемін осындайда ұлысынбай!  
Саңқ етіп Қазыбектің көмейіндей,  
Жарқ етіп Қабанбайдың қылышындей!

Жетісу жеті жарғы мақамысын,  
Мақпалды, үкілісің, оқалысын!  
Кенендей Алатаудың басын бұлт қып,  
Жамбылдай отқа тұстің Отан үшін!

Сүгірдің Қаратуда шертісі – өрнек,  
Ағады Сырды бойлап, Ергіс өрлеп!  
Үстірттің үстіндегі үн түсімде  
Сінеді шағылдарға дерті шөлдеп...

Алтайдың арғы беті, бергі басы,  
Қазақтың қарағайлы домбырасы!  
Әміре, Әсеттердің әр әніне –  
Алаштың Әлихандай жан қуәсі!

Біржансың – Кояндыны әнмен ашқан,  
Сәкенсің – тау ішінде сәулелі аспан!  
Домбыра, Жүсілбек пен Жәнібексің,  
Қазақты қара өлеңмен әнге қосқан!

Жаралған заман ескі, жұрт көнеде,  
Домбыра – төрімдегі құт дәдеге!  
«Қоңыры» Әбікеннің – Алаш зары,  
Өмірі Әшімтайдың – ұлтқа өнеге!

Сайдалы сары Тоқаның сарынында  
Апарар сүрлеу жатыр ары Ғұнға!  
Домбыра, Байжігітсің күй қағаны,  
Домбыра, Көкбалақсың анығында!

Дайрабай, Қыздарбексің – күй мектебі,  
Итаяқ, Сембек, Әбди – түйдектері.  
Манаrbек, Мағауия – қос домбыра,  
Үлгі үлтқа – үміт шамы, үйреткені!

Екі ішек, тоғыз перне, тиек кепіл,  
Арбаған сиқыр сазы – жібек көкіл!..  
«Көрүгли» көкжиектен көрінгенде,  
Сырқырап көрде жатқан сүйек нөпір!

Қандырап жіті құлақ шын құрышын,  
Қайраттың көмейінде бір дыбысың!  
Домбыра – Ақселеудің «Сарыарқасы»,  
Тар еken Сарыарқа да дұлдул үшін...

Домбыра, қойнауың құт, қоңыр өлең,  
Айдалған Жаяу Мұса сеніменен!..  
Атылып Мәди сері қапылыста,  
Қалғансың тар қапаста темір еден...

Жыраудың жыры сенсің – Алпамыстай,  
Байшұбар қос ішекте қайтеді ұшпай?!.  
Домбыра шертілмесе батырына,  
Қалады Гүлбаршындай жар табыспай!

Домбыра, Бейбарыссың Мысырға асқан,  
Домбыра – Әмір Темір – күшің дастан!

Домбыра – Сүйінбайдың алдаспаны,  
Қалшитып Қатағанның мысын басқан!

Айтыстың домбыра – алғаш ақтандері,  
Шомылған сұлу сөздің мақпал көлі!  
Домбыра – бабам қыыр жатқан жері,  
Домбыра – қазақ қазық қаққан жері!

Домбыра – қыпша белді, алма мойын,  
Хас сұлу таранғандай талғам, ойым!  
Домбыра – Тұмар әже болмысындай,  
Көрсетпес жатқа бетін, жауға бойын!

Домбыра – ән жауыны, күй нөсері,  
Бабадан қалған мұра сый кешегі:  
Домбыра – қазағымның тақиясы,  
Домбыра – қазағымның кимешегі!

Домбыра, Нұрғисасың саз дұлдұлі,  
Сүйектен өтеді өткір сөз күмбірі!  
Қара шал қағысында қаз қанқылдал,  
Келіншек шалысында – жаз бұлбұлы!

Домбыра – «Ақ жауыны» Секен дүрдің,  
Өксігі өңешімде өтер күннің!..  
Толқыны көңіліңнің көлін шайқар,  
Сол мәңгі, қалғаны бос, бекер... құрбым!..

Сауырлы шанак үні неткен асқақ,  
Барады гәкку дыбыс көкке бастап!..  
Кім айтты сені ағаш деп саңғырлаған,  
Алашқа мәңгі айналып кеткен аспап!

Домбыра, сен жусансың бұрқыраған,  
Көзімнің жасын саған іркіп аlam!  
Сен нарға көп ұқсайсың жүк қалдырmas,  
Домбыра, сен есенде – жұртым аман!

Серінің сен көзісің, сал күлігім,  
Байлығым, бақыт, ырыс, мал-мұлігім.  
Домбыра, сенде жатыр бар ғұмырым,  
Жүрекке жеткізе бер ән дүбірін!

Домбыра, сен – қымызсың тұнемелі,  
Домбыра, сен – шайырдың ұлы өлеңі!  
Домбыра – сертті жанның жан серігі,  
Домбыра – дерпті жанның жүрек емі!

Кетемін, күйің мендеп, еміреніп,  
Кетемін, сазың тербеп, тебіреніп!  
Құдайдың бізді сүйген бір куәсі,  
Домбыра, бұл қазаққа сені беріп:

Таңдайға Алаш рухын тамызды азат!  
Домбыра, сен жайлы айтар аңыз ғажап!  
Төрімде тұрғай мәңгі төл аспабым,  
Төбеме тұттым сені, Нағыз Қазақ!

## **ӘМІРБАЯН**

Асан Мирас Болатұлы 1987 жылы 13 мамырда Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауылында дүниеге келген. Педагогика ғылымдарының магистрі. Бүгінгі таңда жалпыұлттық республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің әлеумет және білім бөлімінің менгерушісі болып қызмет атқарады.

Халықаралық «Шабыт» шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты. 2011 – 2012 жылдары «Соңғы раушан» және «Бекзат» атты қос бірдей жыр жинағы жарық көрген.

Т.Айбергенов атындағы мерекелік медальдің иегері.

## **МАЗМҰНЫ**

«Қараша, мен кеп тұрмын сізге бүгін...».....	3
Екі түрлі тап. Біртүрлі қоғам. Кем - есім.....	4
Бүгін бәрі керемет, тұрған көшем.....	6
«Мен неге ұлы мейірімді сағынам?...».....	7
Қазір күйім біркелкі.....	8
Кереғар.....	10
«Махаббат – өзің ғана білер шындық...».....	11
Әлихан .....	12
«Белгілеп сіз тұратын көшені күз...».....	14
«Көрмей сұю - шын ғашықтық, шын азап...».....	15
Алан да алан, алан жұрт.....	16
«Біз мұлде кездеспейміз, далбаса үміт.....	18
Вознесенский әуендері.....	19
Қасиет пен Қасірет.....	20
«Неге өзіне айналдырды мені күз...».....	21
Суын.....	22
Гамзатов әуенімен.....	24
«Қаралай бермеші қарадай жиі акты...».....	25
Хан Кене.....	26
«Колына қалам алды тағдыр-ұлық...».....	28

Шер-хан.....	29
«Тиді шоқпар, қата тимей бата дөп...».....	30
«Ұйқыдағы ояумын осы қазір...».....	31
Айна артында.....	32
«Кімнің үйі мынау үй?...».....	33
«Үнсіздіктің ұлы екенін білдім мен...».....	34
«Бір адам».....	36
Құлағыммен сұйемін – сезім анық.....	37
Жұлдыз.....	38
«Бота көздерің күйге осы мені...».....	39
Салсоқты.....	40
Бәрі жалған, маңайым жылтыр құлқі.....	42
Алғашқы қар. Бәстесу .....	43
«Бір сезім болады байқалмай жететін...».....	44
«Неге алыс, қол созым жер мына қысқа...».....	45
Ана.....	46
Құмайқаз.....	48
«Миымда күлімдеп жүресің...».....	49
Бекзат.....	50
Еңліктің түсі.....	52
«Театр. Періштенің рөлінде...».....	53
«Неге жолықтық?...».....	54
Алғашқы раушан.....	55
Бақтыға сағыныш.....	56
«Гүлдейді әлем көңілде...».....	57
Алғыс.....	58
Модильяни.Пикассо.....	60
Есағаңша.....	61

Керегар – II.....	64
Ж...-ға (10).....	65
Бес жебе.....	66
«Төзімің жетсе ол күйді жазба, шыда...».....	67
«Оқырман әлеміне болып аңыз».....	68
Ананың иісі.....	70
Кентөбеден репортаж.....	72
Қонақ.....	73
«Кездесті олар, мекен сол еді көшे...».....	74
Арзу.....	75
Жасанды көл.....	76
Мағжан.....	78
«Бітпеген бүгінгі дау - кешегі егес».....	79
Қансонар.....	80
«Самайыма ак кірді...».....	82
Айна.....	83
Корольсіз шахмат.....	84
Ұрын.....	86
Құпия кездесу.....	88
Шахмат ойыны.....	90
Жәркеннің ілбісі.....	92
Бақытсыздық.....	94
«Тау басында қалың қар, сұық, аппақ...».....	95
Оян, Қазақ.....	96
«Құлып жоқ махаббатың кілтінс тен...».....	98
Жусан исі.....	99
«Егілдің тағдыр ұрып жанға қылыш...».....	100
Мезгілсіз көктем.....	101

Мен.....	102
«Жүгірмейтін жалғанда жарыстар бар...».....	103
Элегия.....	104
«Мына күз біртүрлі, мына күз қияли...».....	105
Ғасыр диалогы.....	106
Бөтен.....	108
«Сенім үшін құямын, кімде кегім...».....	109
Ақсұнқар құстың бір жыры.....	110
«Кешірші жанған отты сөндірсем көп...».....	111
Мен (екінші өлең).....	112
Пандус.....	113
Бес шақырым.....	114
Дидактикалық сарын.....	116
«Ұнаттым танымас адамды...».....	118
«Алатын түгім жоқ демеулік...».....	119
Наурыз жыры.....	120
Тәңірсый.....	122
«Тұлғаға айнала алмай тұғыры емен».....	124
Ұмай Ананың жыры.....	125
Саяси астары жоқ бір мысал.....	126
Ваву Вок.....	128
Күз.....	129
Ауыш.....	130
«Баламыз. Ауыл кеші. Ақшам. Іңір..».....	132
Жоқтау.....	133
Соңғы раушан.....	134
Ағаш адам.....	136
«Сұлулықтың сұр қанжары өтті осып...».....	137

«Картайғанда кездесті емен қынмен...».....	138
Жалған.Ақталу.....	139
Көкжал қазақ Данияр.....	140
Джоконда.....	141
Үнсіздік.....	142
«Жадыра. Сен бүгін...».....	144
Сезім болжамы.....	145
«Қарқаралы» газеті.....	146
«Сырмағыңың астына...».....	148
«Көзсіз сұю – су кешу кемесіз де...» .....	149
Сүйінбике жыры.....	150
Анна әуендері.....	152
Сізді ойладым онаша ғап.....	153
Азаттық жыры.....	154
Шаһар.....	155
«Тағы әдепкі кездесу жайша қысқа».....	156
«Қайда еken...қайда, япыр-ау, сол шақ?...» .....	157
«Жаратыпты Құдай бізді әлсіз ғып...».....	158
Кереует.....	160
Шидәттің жұмағы.....	162
Азаттықтың ауылға келуі.....	164
«Қар жауып жатыр, күміс қар...» .....	166
«Кездейсоқ кездесу ғой, тағдыр делік...».....	167
«Қазба байлық көп» деп ең...».....	168
Ақтоғай. Ақын тойына аттаныс.....	169
Ақсүйек.....	170
«Бес күнді сүрмеуге бола ма?...».....	172
Мимикалық хат.....	173

Хан әке.....	174
«Мен де келдім отызға, ал, келмей көр...».....	176
Бектас сұлтан.....	177
Қамыс қайық.....	178
Нұртас сұлтан.....	179
«Себеп жоқ керемет түк...» .....	180
Торғай десе... .....	181
«Біз сұып кеттік осынша десем...».....	182
«Күлкімді де тоздырдым кие-кие...».....	183
«Келдің бе, рас па жап-жасыл көктем».....	184
«Бізді де ел ақын дейді ел қамын жер».....	185
«Махаббатта ессіздік бар ақылды...».....	186
Біз бірге болмауға сол үшін келістік .....	187
Ұлым кетіп барады мектебіне.....	188
«Не ұтты тағдыр сені, мені жығып?..».....	190
Домбыра.....	191

Заманауи ұлгімен, бәсекеге сай өтіп кітап  
шығарғысы келетін авторлар болса,

+7 777 485 77 33

нөмірінә хабарласа немесе хат қалдыра алады.

Кітаптың қолжазбасын реттеу, баспаға дайындау,  
аудиториясын әзірлеу, шығару, сату істеріне көмек  
беріп, серіктес бола аламыз.

© «Miqaba» баспасының ұжымы

**Мирас АСАН**

**Сүйесің, жүрек, сүйесің**

**жыр кітабы**

**Көркемдеуші әрі беттеуші – Ербол Байболов**

**Беттеуші – Эльмира Заманбек**

**Редактор – Қуат Құрмансейіт**

**МА (Мирас Асан) логотипінің факсимилесін салған –  
Айдарбек Ғазизұлы**

**Жоба жетекшісі – Арман Әлменбет**

**Басуға 10.10.2018 ж. қол қойылды.**

**Қалыбы 75x100 1/32. Офсет қағаз. Офсеттік басылыш.**

**Шартты баспа табағы 8,45. Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс №4029**

**Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.**

